

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЬҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТИ

Коргауға жіберілді:  
Экология және химия

(қолы)

кафедрасының  
менгерушісі, х.ғ.к., проф., м.а.,  
Р.Н.Нұрділлаева

2015 ж.

### Магистрлік диссертация

АҚАБА СУЛАРДЫ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ТИМДІ ПАЙДАЛАНУ

мамандығы: 6M060800 – Экология

Магистрант \_\_\_\_\_ М.О. Байхамурова

(қолы) (аты-жөні, тегі)

Фылыми жетекшісі,  
техника фылымдарының

докторы, профессор  
(қолы) (аты-жөні, тегі)

А.Ж. Ақбасова

## АННОТАЦИЯ

Данная работа, направленная на разработку эффективных способов очистки сточных и природных вод (колодезных), базирующихся на использовании природных материалов, пероксида кальция и отходов оливкового производства, является актуальной.

Основной целью работы является разработка экологически целесообразных сорбционных способов очистки сточных и колодезных вод.

Исследованы адсорбционные свойства бентонита месторождения Ибата, пероксида кальция и активированного угля, полученного из отходов оливкового производства.

На основе полученных результатов подобраны оптимальные составы сорбентов для решения различных природоохранных проблем.

Предложен метод обессоливания и обеззараживания колодезных вод, Арыстанбаба смесью пероксида кальция и активированного угля.

Разработан безотходный фильтрационно-сорбционный способ глубокой очистки сточных вод предприятий железнодорожного комплекса от нефтепродуктов, тяжелых металлов и других загрязнителей с использованием смеси состоящей из бентонита, пероксида кальция и активированного угля при их массовых соотношениях равных 1:1:2. Данный способ позволяет осуществить возврат очищенной воды для различных производственных нужд и утилизацию отработанных сорбентов с получением строительных материалов. Эколого-экономический эффект от внедрения способа очистки сточных вод объектов железнодорожного транспорта составляет 40,710 млн. тенге в год.

Показана возможность доочистки сточных вод «СКЗ - U» от сульфат ионов до 95,4 % путем применения в качестве сорбента активированного угля полученный из отходов оливкового производства.

Показана возможность обеззараживания водных систем пироксидом кальция.

## ANATATION

This work is aimed at the development of effective methods of wastewater and natural waters (manhole), based on the use of natural materials, calcium peroxide and waste of olive production is important.

The main aim is to develop environmentally sound sorption methods of manhole and sewage treatment.

We studied the adsorption properties of bentonite deposits Ibatov, calcium peroxide and activated carbon derived from olive waste production. Based on the results matched the best sorbent composition to address various environmental problems.

The method of desalting and decontamination of manhole water Arystanbab mixture of calcium peroxide and activated carbon.

Designed without waste filtration and sorption method of deep sewage treatment of railway complex from oil, heavy metals and other pollutants using a mixture consisting of bentonite, calcium peroxide and activated carbon at a weight ratio of 1: 1: 2. This method makes it possible to return the treated water for various industrial purposes, and disposal of used sorbents to produce building materials. Ecological and economic effects of the introduction of the method of sewage treatment facilities of railway transport is 40.710 million tenge per year.

The possibility of purification of wastewater "SAP - U" of sulphate ions to 95.4% by use of activated carbon as an adsorbent obtained from olive waste production.

The possibility of disinfecting water systems with calcium peroxides.

## ÖZET

Bu çalışma doğal malzemeler, kalsiyum peroksit kullanımına dayalı, atıksu ve doğal sularda (menhol) etkili yöntemlerin geliştirilmesine yönelik ve zeytin üretiminin atık önemlidir almaktadır.

Temel amacı menhol ve kanalizasyon arıtma çevreye uyumlu sorpsiyon yöntemleri geliştirmektir.

Biz bentonit yatakları Ibata, kalsiyum peroksit ve zeytin atık üretimi türetilmiş aktif karbon adsorpsiyon özellikleri incelenmiştir.

Sonuçlarına dayanarak çeşitli çevre sorunları çözmek için en iyi sorbent kompozisyonu eşlesti.

Tuzsuzlaştırma ve kalsiyum peroksit ve aktive edilmiş karbon rögar su Arystanbab karışımının arındırma metodu.

Atık Süzme ve bir yağ, ağır metaller ve arasında bir ağırlık oranında bentonit, kalsiyum peroksit ve aktif karbondan oluşan bir karışım kullanılarak diğer kirletici maddelerin gelen demiryolu kompleksinin derin atık su arıtma sorpsiyon yöntemi olmadan dizayn 1:1:2. Bu yöntem sayesinde çeşitli endüstriyel amaçlar için arıtılmış su geri dönmek için yapar ve kullanılan Sorbentlerin bertaraf yapı malzemeleri üretmek. Demiryolu taşımacılığının atık su arıtma tesislerinin yönteminin tanıtılması Ekolojik ve ekonomik etkileri yılda 40,710 milyon tenge olduğunu.

Zeytin atık üretimi elde edilen bir adsorban olarak aktif karbon kullanımı ile 95,4% sülfat iyonlarının atık su «SAT-U» saflaştırılması olasılığı.

Su sistemleri, kalsiyum peroksitlerini dezenfekte imkani.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЬҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ - ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТИ

ӘОЖ 541.13:628.543.Қолжазба құқығында

**Байхамурова Мәлдір Оразалықызы**

**АҚАБА СУЛАРДЫ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ТИПМДІ ПАЙДАЛАНУ**

6M060800 – ЭКОЛОГИЯ мамандығы бойыншажаратылыстану  
ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған  
диссертация

ТҮРКІСТАН –2015

## МАЗМҰНЫ

бет

|  |    |
|--|----|
| НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР   | 5  |
| АНЫҚТАМАЛАР  | 7  |
| БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР  | 8  |
| КІРІСПЕ.....   | 9  |
| 1 СУДЫ ЛАСТАУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ ӘДІСТЕРІНЕ СИПАТТАМА.....   | 13 |
| 1.1 Судың құрамындағы түздарды сорбциялау.....   | 19 |
| 1.2 Ионалмасу және сорбциялық әдістері.....  | 21 |
| 1.3 Кальций пероксидінің ( $\text{CaO}_2$ ) қасиеттері.....  | 23 |
| 1.4 Бентонит сазының физикалық-химиялық қасиеттері, қолдану жолдары.....                                     | 25 |
| 1.5 Бірінші бөлім бойыншақорытынды.....  | 31 |
| 2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ, ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ОРЫНДАУ ТЕХНИКАСЫ.....   | 32 |
| 2.1 Су үлгілерін дайындау және ірікте.....   | 32 |
| 2.2 Ибата сазының химиялық және минералдық құрамы.....   | 33 |
| 2.2.1 Бентонит сазының ісінуінанықтау.....   | 35 |
| 2.3 Карбонат және гидрокарбонат аниондарын анықтау.....  | 35 |
| 2.4 Судағы сульфаттарды анықтау.....   | 37 |
| 2.5 Судағы хлоридтерді анықтау.....  | 37 |
| 2.6 Нитрат-анионын анықтау.....  | 38 |
| 2.7 Судағы бос көмірқышқылды анықтау.....  | 38 |
| 2.8 Судың жалпы кермектілігін комплексонометриялық әдіспен анықтау.....                                      | 39 |
| 2.9 Бактериологиялық анализ көрсеткіштерін анықтау.....  | 41 |
| 2.10 Белсенді хлор мен хлорлы әктің болуын анықтау.....  | 44 |
| 2.11 Суларға сорбциялау үдерісін жүргізу.....  | 44 |
| 2.12 Ақаба сулардың құрамындағы Cd (II) иондарының мөлшерін анықтау әдістері.....                            | 45 |
| 2.12.1 Элементтердің массалық мөлшерін өлшеу диапозондары және өлшеу нәтижелерінің дәлдік сипаттамалары..... | 45 |
| 2.12.2 Өлшеуді орындау талаптары.....  | 45 |
| 2.12.3 Кадмийдің массалық мөлшерін өлшеу.....  | 46 |
| 2.12.4 Өлшеулер жүргізу үшін құралды дайындау.....   | 47 |
| 2.12.5 Үйдісты дайындау.....   | 48 |
| 2.13 Екінші бөлім бойыншақорытынды.....  | 48 |

|     |  |    |
|-----|--|----|
| 3   | ЖАҢА ҚҰРАМДЫ СОРБЕНТТЕРМЕҢ СУ НЫСАНДАРЫН ТАЗАЛАУ.....                              | 50 |
| 3.1 | Арыстанбаб кесенесінің құдық суынтығыздандыру.....                                 | 50 |
| 3.2 | Зәйтүн дәнегінен белсендірлген көмір алу жолдары.....                              | 56 |
| 3.3 | Зәйтүн дәнегінің қабығынан алынған белсендірлген көмірдің сорбциялық қабілеті..... | 56 |
| 3.4 | ЖШС«СКЗ - U» ақаба суын тазалау.....   | 58 |
| 3.5 | ХҚТУ-ң су бассейнің суын тазалау жолдары.....                                      | 59 |
| 3.6 | Су құрамындағы Cd ионынан тазалау.....   | 60 |
| 3.7 | Үшінші бөлім бойыншақорытынды.....   | 60 |
| 4   | АРЫС СТАНЦИЯСЫНДАҒЫ АҚАБА СУФА СИПАТТАМА ЖӘНЕ СОРБЦИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУ ӘДІСІ.....        | 61 |
| 4.1 | Ақаба суларды тазалау шараларының экономикалық тиімділігін бағалау.....            | 65 |
| 4.2 | Төртінші бөлім бойыншақорытынды.....   | 68 |
|     | ҚОРЫТЫНДЫ.....   | 69 |
|     | ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМ.....  | 71 |
|     | ҚОСЫМША А.....   | 78 |
|     | ҚОСЫМША Б.....   | 79 |
|     | ҚОСЫМША В.....   | 80 |
|     | ҚОСЫМША Г.....   | 81 |
|     | ҚОСЫМША Д.....   | 82 |
|     | ҚОСЫМША Е.....   | 83 |
|     | ҚОСЫМША Ж.....   | 84 |

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогрессін қарыштап алға басуы адамзат өмірін жақсартуға тікелей игі ыңпал етумен қатар, қоршаган табиғи ортаға орны толмас орасан зор зиян тигізіп келеді. Осыған орай қоршаган ортаны қорғау, табиғатты тиімді пайдалану, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және оны тұрақты дамыту қажеттігі туралы талаптар халық шаруашылығының барлық салаларына қойылуда.

Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша XXI ғасырда көптеген елдерде қатерлі ісік, тыныс алу жолдарының, қан айналымы жүйесінің қызмет етулігі қалыпты жағдайдан ауытқуы мен жас нәрестелердің өлім көрсеткіші 10 есе өскені, әртүрлі ауруға шалдықкан адамдардың саны жылдан-жылға өсе түсude, оның үстіне барлық аурулардың 80 % судың сапасына байланысты болып отыр.

Әр түрлі деңгейдегі экологиялық проблемалардың ауырлығы Қазақстанда мемлекеттік алаңдатушылық туғызуда. 30.04.96 жылғы КР президентінің экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасында 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыты болып халықтың денсаулығын сақтау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қоршаган ортаны қорғау болып табылады. Адамның барлық өндірістік қызметіне бірінші кезекте ең қажетті табиғи ресурстар болып саналатын жер мен суға ерекше назар аударылуда. Диссертациялық жұмыста табиғи материал бентонит сазы мен зәйтун сүйегінен алынған белсендірілген көмірді және кальций пероксиді, БАУ – А маркалы белсендірілген көмір зерттелінді. Бұл өнімдер табиғи және өндірістік ақаба суларды тұзыздандыру және суды металл иондарынан тазартуда қолданысын табуда.

**Жұмыстың өзектілігі.** Қазіргі уақытта өте үлкен аландаушылықты тудырып, адамдар мен биосфераның барлық нысандарының нашарлауына тікелей қатысы бар жағдайлар ретінде шығарындылар мен төгінділердің және басқа да техногенді қалдықтардың әсер етуін атап көрсетуге болады. Табиғи әкожүйелердің орнықты тепе-тендігін құру үшін адамдар флора мен фаунаның әртүрлілігін сақтап, биологиялық өнімділігін арттыру алдағы уақытта қоршаган ортаны қорғаумен қатар, залалсыздандыруда экологиялық проблемалардың ең маңызды міндеттері болып табылады. Атап айтқанда өзін-өзі тазалау үдерістері биосфера нысандарындағы әсіресе су құрамындағы қауіпті ластаушы заттардың уыттылығы төмендете алмайды. Сондықтан бірқатар экологиялық проблемаларды шешу үшін табиғи және жасанды сорбенттер арқылы су ресурстарын тазалау өзекті мәселе болып табылады. Жер беті әкожүйесіне антропогендік әсер етуді азайтудың кез келген тапсырмасын шешу және қажетсіз өзгерістердің алдын алу мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру мақсатында ғылыми түрде негізделген іс-шаралар мен реттеу әдістерін дайындау ерекше өзектілікке ие деуге тұрады.

Осыған байланысты бұл диссертация өзектілікке ие жұмыс, себебі ол полютанттардың улы әсерін бейтараптау және табиғи қорды тиімді пайдалану, яғни су ресурстарын детоксикациялау және ақаба суларды терендетіп тазарту үшін табиғи материалдар мен қалдықтар базасында сорбенттер іздестіруге арналған. Соңғы кездері үлкен қоры бар және төменгі бағадағы бентониттерді қолдануға ерекше көңіл бөлінуде. Осыған байланысты, Қазақстанның онтүстіктігіндегі қоры үлкен бентониттердің бар болуы олардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу арқылы бұл шикізат негізінде мұнай өнімдерін тазалауға қолданылатын ұтымды адсорбенттер дайындау, сонымен қатар су құрамындағы катион мен анион иондырынан тазалау үшін пайдаланылатын табиғи сорбент алу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Көптеген ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында (Тарасевич Ю.И., Батталова Ш., Адрышев А.К., Родинов А.И., Ibrahim K., Акбасова А.Д Саинова Г.А., және т.б.) табиғи және ақаба суларды тазалау үшін сорбциялық әдістің тиімділігіне назар аударылған. Қазақстанның көптеген аймақтарында негізгі тұрмыстық тіршілікке қажетті сулар құдық көздерімен қамтамасыздандырылған, бірақ-та өкініш орай, оларды тұзсыздандыру мен залалсыздандыруға бағытталған сорбциялық әдіске ғылыми ізденістер жүргізілмеген.

Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университетінің «Экология және химия» кафедрасының координациялық жоспарындағы тақырыпқа сәйкес және мемлекеттік гранттық тақырып «Кешенді экологиялық мониторинг негізінде әлемдік мұра ескерткіші «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» мен «Арыстан баб кесенесінің» тұрақты сақталуына құдық суларының, атмосфералық және басқа да техногендік ластағыштардың әсерлерін төмендететін жаңа әдістерін жасау және енгізу»(мемлекеттік тіркеу нөмірі № 0112РК02314) бойынша орындалды.

**Жұмыстың мақсаты мен шешілетін мәселелері.** Жұмыстың мақсаты сорбенттік қасиет тән бентонит сазы, кальций пероксиді мен зәйтун өндірісінің қалдықтарын ұтымды пайдалана отырып, құдық және ақаба суларын залалсыздандыру және заарсыздандыруға мүмкіндік беретін тиімді шараларды табу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қарастырылды:

- Арыстан баб кесенесінің құдық суларына мониторинг жүргізу;
- сорбент ретінде бентонит сазы, кальций пероксидін, белсендерілген көмір және олардың қоспаларының қасиеттерін зерттеу;
- құдық және өндірістік суларды тазалау мүмкіндігін анықтап, тиімді технологияны ұсыну;
- ақаба суларды тазалау үшін жасалынған шараларды енгізу дегі орын алатын экологиялық-экономикалық тиімділікті болжамдау.

**Жұмыстың негізгі идеясы** бентонит сазы, кальций пероксиді және зәйтүн зауытының қалдықтарының негізінде ақаба және құдық суларын тиімді және қалдықсыз тазалау мен ақаба суларын тазалаудың тиімді тәсілін табу.

**Зерттеу нысандары мен әдістері.** Зерттеу нысандары: Арыстанбаб кесенесінің тұзды құдығы, ЖПС «СКЗ - U», Арыс станциясына қатысты бірқатар нысандардың ақаба және ХҚТУ-ның «су бассейінің» сулары. Сорбент ретінде кальций пероксиді, бентонит сазы, белсендерілген көмір қолданылды. Зерттеу жұмыстары зертханалық және өндірістік жағдайларда, атап айтқанда, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Экология» ғылыми-зерттеу институтында өткізілді. Диссертацияда қарастырылған аналитикалық және сынау жұмыстары актуализацияланған методикалық нұсқаулармен, сертификацияланған өлшеу методикаларымен, ГОСТ-тармен, тағыда басқа нормативтік құжаттармен, заманауи талаптарға сай қондырылғармен жүргізілді.

### **Жұмыстың ғылыми жаңалығы.**

- жоғары сорбциялық қасиетке тән құрамдар: бентонит сазының, кальций пероксидінің, белсендерілген көмірдің және олардың қоспаларының сорбциялық қасиеттері зерттеліп анықталды;
- құдық суларын тұзыздандыру мен заарсыздандырудың сорбциялық әдісі ұсынылды;
- ақаба суларды тиімді тереңдетіліп тазалауға мүмкіндік беретін адсорбция үдерісіне негізделген технологиялық сұлба жасалды.

**Тәжірибелік құндылығы.** Ақаба және құдық суларын ластағыштардан, метал иондарын қоса, тазалау мақсатында ұсынылған өнімділігі жоғары адсорбциялық тәсіл ақаба суларды залалсыздандыруда кең қолданыс табуы мүмкін. Өндірістік сынақтар нәтижелері сорбциялық әдісті пайдалану экономикалық және экологиялық түрғыдан тиімді екенін сипаттады.

Тәжірибе арқылы құдық суларының сапалы және сандық химиялық, биологиялық, физикалық құрамдары анықталып, Арыстанбаб кесенесінің бұзылуына жер асты суларының қосатын үлесі ауқымды екені дәлелденді.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өнеркәсіптің басқа да салаларында экологиялық мәселелерді шешу үшін пайдалануға болады. Ізденис нәтижесінде алынған материалдар экологиялық жобалар жасау барысында ақпараттық негіз бола алады. Диссертацияның кейбір тұжырымдары Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Экология», «Химия» және «Биология» мамандықтарына қатысты дәріс және зертханалық жұмыстарға, курстық және дипломдық жобаларда пайдалануға енгізілді.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар:**

- бентонит сазы, кальций пероксиді және олардың қоспаларымен ақаба және құдық суларын сорбциялық әдіспен залалсыздандыру нәтижелері;
  - теориялық және тәжірибе жүзінде алынған зерттеулер негізінде ақаба және табиғи (құдық) суларын тазалаудың тиімді технологиялық әдісі;
  - зәйтүн өндірісінің қалдығы арқылы алынған белсендерілген көмірді пайдалану негізінде мұнай өнімдерімен, кадмиймен және т.б. ластанған су жүйесін тазалау әдісі.

**Диссертациядағы келтірілген нәтижелер мен қорытындылардың нақтылығы.** Жұмыстың тұжырымдары мен қорытындыларының шынайылық дәрежесі алынған мәліметтердің, әдебиеттегі түсіндірмелердің сәйкестігімен, қолданылған өлшеу мен есептеу әдістерінің стандартты болуымен және эксперименттік зерттеу жұмыстарының ортақ мәнінен ауытқымайтындығымен сипатталады. Теориялық және зертханалық жағдайда болжамдалған және алынған нәтижелер тәжірибелер арқылы дәлелденді.

**Автордың жеке үлесі.** Зерттеу мақсаттары мен міндеттерін анықтау тікелей автордың қатысуымен жүргізілді. Ғылыми тәжірибелерді, тәжірибелер жүргізуге қатысты қондырғыларды, зертханалық жұмыстарды, олардан алынған нәтижелерді талдауды автор өзі орындағы. Автордың өзі бентонит сазына, зәйтүн өндірісі қалдықтарына байқау жүргізіп, ақаба суларды заарсыздандыру мен залалсыздандыру бойынша ұсынған тәсілдерін сынақтан өткізген. Автор сонымен қатар, тақырыпқа қатысты экономикалық көрсеткіштерді айқындағы, әдебиет, статистика және өндіріс мәліметтерін жинақтаған. Диссертацияда баяндалған ғылыми жаңалықтар, негізгі нәтижелер мен қорытындылар автордың ізденісі нәтижесінде алынған.

**Жұмыстың сынақтан өтуі.** Зерттеу жұмысының нәтижелері баяндалған конференциялар:

- «Биология, медицина және фармация дамуының болашағы» жас ғалымдар мен студенттердің 2-ші халықаралық ғылыми конференциясында, (Шымкент, 2014);
- Халықаралық ғылыми техникалық конференция «XXI ғасырдағы Ғылым және Білім» (Ресей, Тамбов, 2014);
- «2015-Студенттік ғылыми форум» VII халықаралық студенттік электрондық ғылыми конференция;
- Сонымен қатар келісім-шарттар негізінде орындалған жұмыстарда, білімгерлердің курстық, дипломдық жұмыстарында қолданылды.

**Жұмыс нәтижелерінің басылымдарда жарық қөруі.** Диссертацияның негізгі мазмұны бойынша 5 ғылыми жұмыс әртүрлі басылымдарда жарияланды, оның ішінде: 1 мақала Ресейдің импакт- факторлы журналы «Қазіргі жаратылыстану ғылымының жетістіктері», 1 мақала ХҚТУ-дың «Хабаршы» журналында және үшеуі халықаралық конференцияларда баяндалып, олардың ғылыми жинақтарында жарияланған.

**Жұмыстың қөлемі мен құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған 108 әдебиеттер тізімінен тұратын компьютерде терілген 84бетте баяндалған. Жұмыста 19 –кесте, 12 – сурет, 5 қосымша келтірілген.

## 1 СУДЫ ЛАСТАУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ ӘДІСТЕРІНЕ СИПАТТАМА

Табиғи қайнар көздерді үнемдеу және антропогенді жағдайлар нәтижелері мен қоршаган орта арасындағы тепе-тендікті сақтаудың экологиялық мәселелері күннен-күнгө өсіп келеді. Өндірістің дамуы қоршаган ортага әсерін тигізіп отыр. Су қоры бойынша Қазақстан ТМД елдерінің ішінде соңғы орындарда орналасады [1]. Көптеген өндіріс орындары мен энергетикалық кешендердегі ескірген технологиялар қалдықтардың мөлшерін арттырып келеді.

Табиғи судың ластануының басты себебі антропогенді болып табылады [2]. Негізгі ластаушы көздерге жататын нысандар:


- қалалар, тұрғылықты жерлердегі тұрмыстық шаруашылықтың ақаба сулары;
- өндірістік кәсіпорындардың ақаба сулары;
- су қоймалары мен су бассейндеріне ластағыштардың атмосферадан түсүі;
- ауыл шаруашылық ақаба сулары.

Ақаба су гетерогенді күрделі жүйе, оның құрамында болатын органикалық және минералды қоспалар ерімейтін, коллоидты және еритін түрде кездеседі. Құрамы мен пайда болған түріне байланысты ақаба сулар үш негізгі категорияға: шаруашылық тұрмыстық, өндірістік және атмосфералық болып болінеді (1.1-ші сурет).



1.1сурет. Ақаба судың пайда болу жолдарына байланысты түрлері

Қоршаган табиғи ортаны ластанудан қоргау мен табиғи ресурс ретінде тиімді пайдалану мақсатында қайтарылып қолдану үшін ақаба су құрамындағы ластағыш заттардың түрі мен мөлшеріне қарай әртүрлі әдіспен тазаланылады [3]. Бұларға механикалық, физикалық-химиялық, химиялық, биологиялық және түйдектелген әдістер жатады. 1.2-ші суреттерде ақаба сулардың құрамы мен тазалауға қолданылатын әдістер көлтірілген.



1.2сурет. Ақаба суларды тазалау әдістерін топтастыру[3]

**Механикалық** әдісте ақаба судағы ірі және ұсақ түйірлі тез тұнатын бөлшектерді өздігімен тұндырып немесе оларды және қалқып шығатын заттектерді тұндырып, сұзгіш, құмұстағыш арқылы өткізіп, немесе әртүрлі конструкциялық техника құралдарын (торларды, елтерді, гидроциклондарды, т.б.) қолданып, ал беттік ластағыштарды – мұнайұстағыш, май мен шайыраулағыш жабдықтар мен материалдарды пайдалану арқылы жояды.

Соңғы кезде ақаба суды май тәрізді заттардан тазалауға жиі пайдаланылып жүрген материалға май сініргіштік қабілеті жоғары пенополиуретан жатады.

Ақаба судың улылығын азайтуға кеңінен тұндырғыштар немесе тұндырғыш шүңқырлар (алап немесе құйғын) пайдаланылады. Тұндырғыш ғимараттарында ақаба сулардан тұпке тұнатын не қалқыма салынды және майлы заттектер гравитациялық жіктеу негізінде бөлінеді. Арналу мақсатына қарай тұндырғыштар бірінші реттік және екінші реттік болып бөлінеді. Бірінші реттік тұндырғыштар ақаба суларды биологиялық тазарту ғимараттарына дейін, екінші реттіктері одан кейін орнатылады. Құрылымына байланысты олар горизонталдық, вертикалдық, радикалдық және диагоналдық болып сараланады. Вертикалдық және диагоналдық тұндырғыштар тәулікті өнімділігі 10-15 мың текше метрге дейінгі, ал горизонталдық 10-15 мың текше метр, радикалдық тұндырғыштар тәуліктік өнімділігі 20 мың текше метрден астам тазарту станцияларында қолданылады.

Ақаба суды 0,08-0,3 м/с жылжу жылдамдықпен құмұстағыш арқылы өткізіп, оның құрамындағы ерімейтін құм, қақ тәрізді ауыр қоспалардан ажыратуға болады. Кейбір құмұстағыш үлгілерімен құм 80%-га дейін ұсталып қалады. Құмұстағыштардың тиімділігін арттыру мақсатында оның құм құйылатын қорабына гидроциклонды қабыстырады [4].

Гидроциклондарды пайдаланып, сыртқа тепкіш күш көмегімен ақаба суларды өте ірі дисперсиялық қоспалардан тазалауға болады. Көбіне бұл қондырғылар тығыздығы  $1,2 \text{ г}/\text{см}^3$  жоғары ағындыларды ірілігі 0,15 мм үстіндегі бөлшектерден тазалауға бағытталған.

Коммуналдық шаруашылықтан шықкан сұйық қалдықтарды механикалық әдісті қолдану арқылы ерімейтін қоспалардың 60%-дай мөлшерінен тазалауға болады, ал кейбір өндірістік сулар бұл әдіспен 95%-ға дейін тазаланады.

**Химиялық** әдісте ластағыштардың физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып, оларды химиялық агенттерді қолдану арқылы жояды. Химиялық тазалауда қолданылатын негізгі әдістерге: нейтралдау, тотықтыру және тотықсыздандыру жолдары жатады.

**Нейтралдау (бейтараптау)** үдерісін құрамындақылды немесе сілтісі бар ақаба сүйнен pH мағынасын 6,5 - 8,5 аралыққа келтіру мақсатында қолданады. Нейтралдау үшін қышқылды ақаба сүймен сілтілі ақаба сүйн араластыруға, реагенттер қосуға, ақаба сүйн нейтралдау қасиеті бар сұзгіш материалдар арқылы жіберуге болады. Сұзгіш материал ретінде әк, мрамор және доломит қолданылады. Бұл әдіспен, әдетте, құрамында әр түрлі минералды қышқылдары бар ақаба сулары тазаланады. Сілтілі суларды нейтралдау мақсатында құрамында  $\text{CO}_2$ ,  $\text{SO}_2$ ,  $\text{NO}_2$  оксидтері бар түтінді газдарды жіберу әдісі менгерілуде, бұл жағдайдаң қолайлылығы екінші жағынан газды тастандылардың құрамындағы зиянды заттардан құтылу мәселесі де шешіледі [5].

**Тотықтандыру** үдерісі ақаба сүйндеғи улы қоспаларды (цианидтерді, мышьяктің еритін қосылыстарын және т.б.) басқа жолмен шығару қолайсыз немесе мүмкін емес болғандаған қолданылады. Ақаба суды тазалау үшін тотықтырғыш ретінде газ тәрізді немесе сүйилтүлған хлор, ауа оттегі, озон,

гипохлорит, сутек тотығы, калий перманганаты және басқа реагенттер пайдаланылады[6].

**Озондауақаба** сүйн мұнай өнімдерінен, фенолдан, құқіртті сутектен, цианидтерден және басқа да қоспалардан тазалауға қолданылады. Күшті тотықтырыш болғандықтан озонның сулы ерітінділердегі органикалық заттектерді және басқа қоспаларды ыдырататын қабілеті өте жоғары. Сонымен бірге суды озондағанда оның жағымсыз иісі, дәмі, бояуы жойылып, залалсызданды. Хлорлау әдісімен салыстырғанда озондау әдісінің артықшылығы бар, біріншіден, озонды тікелей су тазалайтын жерде озонаторларды орнатып, ауа оттегінен электр тоғын ажырату үдерісін пайдалану арқылы алуға болады. Екіншіден, хлорлау бірқатар жағдайларда ауыз суда зиянды заттектердің, соның ішінде мутагендер мен канцерогендер (мыс., диоксиннің) түзілуіне апарып соғуы мүмкін, сондықтан оның орнына озондау әдісінің қолданылғаны қолайлы[7].

Ақаба судағы ластағыштардан құтылу үшін іс жүзінде пайдаланылатын **физикалық-химиялық** әдістерге – каогуляция, флокуляция, флотация, электролиттік ірілендіру, су буымен айдау, сорбция, экстракция, гиперфильтрация, нанофильтрация, эвапорация, десорбция, дезодорация, дегазация, электрохимиялық тәсілдер (электролиз, электроакаогуляция, электрофлотация, электродиализ), ультрадыбыспен суды өндеу, т.б. жатады[8]. Бұл әдістер қатарымен жүретін физикалық және химиялық үдерістерге негізделген.

Механикалық және физикалық-химиялық әдістер ақаба суларын тазалаудың алғашқы кезеңі, осыдан кейін олар биологиялық тазалауға жөнелтіледі.

**Биологиялық** жолмен ақаба сүйн тазалау үшін ластағыштарды ыдырататын, өздерінің қоректенуіне, өсуіне және көбеюіне пайдаланатын микроорганизмдер немесе оларды өз бойына сіңіретін өсімдіктер (биосұзбелер ретінде қалың өскен қамыс, қоға, т.б.) қолданылады. Биологиялық тазалауға қатысатын ағзаларға әр түрлі бактериялар, балдырлар, саңырауқұлақтар, ең төмен сатыдағы жәндіктер, құрттар және басқалар жатады.

Микроағзалардың қатысуымен екі үдеріс – тотығу (аэробты) және тотықсыздану (анаэробты) жүреді. **Аэробты** үдерістерге активті (белсенді) лайда немесе биопленкада өсетін микроағзалар суда еріген оттекті пайдаланады. Олардың тіршілігіне оттектің тұрақты құйылуы мен 20 – 30°C шамасындағы температура қажет. **Анаэробты** тазалау үдерісі оттексіз өтеді, бұл жерде жүретін негізгі үдеріс – лайдың ашуы. Осы әдістер ақаба суларда көп мөлшерде органикалық заттектер болғанда және тұнбаларды залалсыздандыруға қолданылады[9-10].

Ақаба судың биологиялық тазалануын табиги жағдайда (суландырылатын жерде, биологиялық тоғандарда) және әртүрлі конструкциялық жасанды құрылыштарда – биосұзгыштерде, аэротенкалар мен окситенкаларда жүргізуге болады. Өндірістік ақаба сулардың биологиялық тазалауын негізінде жылдамдығы жоғары болғанына байланысты жасанды жағдайда жүргізеді.

Аэротенк мәжбүрлі түрде аэрациялық қондырғымен жабдықталған, қалқалармен бірнеше бөлек бөліктерге бөлінген темірбетон резервуары. Аэротенкада тазалау үдерісі ауаланған ақаба су мен тірі ағзалардан және қатты субстраттардан (балдырлардың өлі бөліктерінен және әртүрлі қатты қалдықтардан) құралған активті лай қоспасының жіберілуіне қарай жүреді. Құрғақ лайдың  $1\text{g } 10^8$  ден  $10^{12}$  дейін бактерия даналары болады. Органиканың негізгі массасы бірнеше сағат ішінде өнделінеді. Аэротенкадан активті (белсенді) лай мен өнделген ақаба су өрі қарай екінші тұндырғышқа өткізілінеді. Тұбіне түскен активті лай сорғы станциясының резервуарына жіберіліп, ал тазаланған ақаба су не қосымша онан арғы тазалануға немесе дезинфекциялануға бағытталады. Биологиялық үдеріс нәтижесінде активті лайдың биомассасы жоғарылайды. Оның артық мөлшері тұнбаны өндейтін ғимаратқа жіберіледі де, негізгі бөлшегі циркуляциялық түрде аэротенкіге қайтарылады. Аэротенкадағы активті лайдың мөлшері 2-4 г/л шамасында ұсталуға тиіс[11].

Биосұзғілерде ақаба су кесекті материалдардан құрылған қабат арқылы сұзілінеді. Кесекті сұзғыш ретінде кеңінен ұсақталған тас, ірі құм, тұнба, керамзит, пластмасса, металл торы және басқа материалдар қолданылады, олардың бетінде түзілетін биологиялық қабықша қабат активті лайда жүретін функцияны орындаиды. Бұл беткі қабықша қабат ақаба судағы органикалық заттектерді адсорбциялайды да және өндейді де. Биосұзғіштің тотықтырғыштық қуатын жоғарылату мақсатында сұзбелеу үдерісінің бағытына қарама-қайшы қысымдағы ауа жіберіледі[12].

Ақаба суды биологиялық үдеріспен тазалағанда массасы көп мөлшердегі тұнба шығады, оны утилдеу, не залалсыздандыру, немесе аулақтандыру қажет. Осы мақсатта активті лайды тығыздаудан, сузыздандырудан, термиялық және басқа да өндеуден өткізеді. Залалсыздандырғаннан кейін тұнбаны органоминералдық тыңайтқыш немесе кейбір материалдарға қосымша құрауыш ретінде пайдалануға жатады. Активті лайды рекуперациялайтын технологиялар жасалған, олардың көмегімен белокты-витаминді өнімдерді, азықтық ашытқыларды және құрама азық өнеркәсіптеріне қажетті техникалық витаминдерді алуға болады [13-14].

Ақаба суларды ластағыштардан тазалаудың ең тиімді жолдарының бірі-қатты сорбенттермен адсорбциялау [15-19]. Сорбенттер ретінде химиялық таза әр түрлі кеништердің бентонит саздарын және кремний диоксидтерін қолдануға болады. Бұл сорбенттердің екі негізгі артықшылығы бар, оның бірі беттік қабатының теріс заряды жоғары дәрежеде болуы, яғни катиондық беттік белсенді заттар(ББЗ)-ларды сорбциялауда аса тиімді болып табылады.

Катиондық беттік- белсенді заттарды бентонит сазымен сорбциялау физикалық сипатта болса, кремний диоксидінің адсорбциялау химиялық сипатта. Сонымен бірге, кеуекті сорбенттермен қарама-қарсы зарядталған ББЗ-ларды адсорбциялаған кезде сорбент-сорбат жүйесіндегі негізгі әрекеттесу энергиясы электростатикалық тартылыс күштерімен сипатталады. Осындағы негізгі байланыс күші катиондық ББЗ-ларды сорбциялау заңдылығын

айқындаушы болып есептеледі. Мына жұмыстарда бентонит сазымен катиондық ББЗ-ды сорбциялау заңдылықтары келтірілген [20-21].

Қазіргі шақта өндірістік және коммуналды – үй-жай ақаба суларын тиімді түрде тазалау ең өзекті инженерлік-экологиялық мәселелердің бірі. Бұл мәселенің күрделенуі үй-жай және өндіріс ағындыларының жалпы бір канализация жүйесіне құйылуына, адам мен жануарлар нәжістерін жууға судың кеңінен қолданылуына, кір жуғыш ұнтақтардың, шампундердің және әртүрлі беттік активті заттардың қосылуына байланысты. Суды тазалауға биологиялық әдісті қолданғаның өзінде органикалық заттектердің 90% және анорганикалық қосылыстардың 10-40%-нанғанға құтылуға болады.

Ақаба суды биологиялық әдіспен тазалағанда ауру тудыратын бактериялардың 91-98%-ті ғана жойылады, сондықтан тазаланған ақаба суларды суқоймаларына жіберудің алдында заарсыздандыру қажет. Ақаба суды заарсыздандыру үшін кеңінен қолданылатын әдістің бірі газ тәріздес *хлормен немесе хлорлы эк ерітіндісімен хлорлау*[22-25].

Хлорлау әдісін қолданғанда бактериялардың өніп-өсуінен басқа органикалық заттектердің қышқылдануы да тоқтатылады, қаогуляция үдерісі жеделдетіледі және иіс азаяды.

Механикалық тазалау жолын қолдану немесе өздігінен табиғи түрде тазалану арқылы ақаба судан бөлінген құрамында минералды және органикалық қатты заттектері бар тұнбалар жергілікті ауылшаруашылық және орман дақылдарының тыңайтқышы ретінде пайдаланылуымен қатар, биогаз алуға да жарамды [26]. Ал ортақ канализациядан шыққан ақаба судың құрамында алуан түрлі улы заттектер кездесетініне байланысты олардан шыққан тұнбалар тыңайтқыш ретінде қолдануға жатпайды.

Кейбір өндірістерден тасталатын ақаба сулардың температуралары табиғи ортанықінен анағұрлым жоғары болғандықтан оның тигізетін зияндық әсеріне де назар аударылады. Жылы ақаба сулар суаттардағы судың температурасын көтереді, бұл жағдайда суда еріген оттектің мөлшері күрт төмендейді, ал ол өздігінен тазалану үдерісінің тежелуіне әкеп соғады. Орын алған қолайсыз әсер судағы өсімдіктер мен балықтардың тіршілік жағдайларына нұсқан келтіреді, себебі судың жаппай гүлденуі, балдырлардың қаптауы басталады, яғни жылулық ластану эвтрофтану үдерісінің журуіне жағдай жасап, көптеген уытты ластағыштардың пайда болуына себебін тигізеді [3].

Биологиялық тазалау әдісі суды тұзсыздандыра алмайтынына байланысты, бұл тазалау әдісінен кейін судағы тұздардан құтылу үшін арнайы оларды бөліп шығаратын тазалау әдістері қолданылады. Бұларға дистилляция (булану), қатыру (мұздату), мембрандық, ионалмасу әдістері жатады. Қазіргі шақта осы әдістердің ішінде экологиялық тұрғыдан ең тиімдіге кері осмос жатады [3].

Кері осмос әдісі бұл осмостық қысқырмашылық (6-8 МПа) күші арқылы сулы ерітінділерді сузу. Бұл энергияның көп мөлшерін қажет етпейтін үдеріске жатады. Жапонияда өнімділігі  $1000 \text{ м}^3/\text{с}$  дейінгі қондырғылар меңгерілген. Ресейдегі қондырғылардың өнімділігі төмендеу. Осы тәсілдегі ең қындыққа түсетін ол жартылай өткізгіштік мембрана мен қысымды жасау [27].

Кері осмос пен ионалмасу әдістері барлық елдерде кеңінен қолданылып жүр. Өсіреке АЭС мен жоғары қысымды қазандықтары бар ЖЭС үшін тұзсызданған суды дайындауға пайдаланылып жүрген негізгі әдістер болып келеді. Сонымен қатар, бұл әдістер суайналым циклымен істейтін өнеркәсіптің ақаба суларындағы құнды құрауыштарды байытуға және бөліп алуға жиі қолданылады [28].

Қазіргі кезде табиғи су нысандарын ластанудан қорғауды және су ресурстарын тиімді пайдалануды жүзеге асыру үшін ең оңтайлы әдістің бірі сорбциялық тәсіл.

### **1.1 Судың құрамындағы тұздарды сорбциялау**

Сорбция – қатты заттармен немесе ертінділермен заттарды сорып алу үдерісі. Ол адсорбция, абсорбция, хемосорбцияға бөлінеді. Сорбция әдісі ақаба суларды, газ шығарындыларын тазалауға, кейбір заттектерді бір-бірінен ажыратуға, т.б. жағдайларда кеңінен қолданылатын физикалық-химиялық әдістердің бірі[29].

Абсорбция дегеніміз – заттың абсорбенттің бүкіл көлеміне сінуі.

Адсорбция – қатты немесе сұйық заттың сыртқы беттік қабатына газды немесе сұйық заттарды сорып алу.

Адсорбенттер ретінде ұсақ тесікті материалдар: белсендірілген көмір, бентонит сазы, күріш қаузызы, мақта қалдығы т.б. қолданылады. Тазалау үдерісі адсорбенттермен толтырылған вертикаль, горизонталь немесе сақина тәрізді ыдыстарда өткізіледі. Оқтын-оқтын істейтін адсорберлер кеңінен қолданылады. Ондагы пайдаланылған адсорбент қажеттілігіне қарай ауыстырылып немесе регенерацияланып отырылады. Адсорбцияланған заттектерде десорбциялау үшін инертті газ немесе бу, кейде термиялық регенерация қолданылады.

Соңғы онжылдықта адсорбция үдерісі ақаба суларды тазартуда тиімділігі жоғары әдістердің біріне айналды. Адсорбциялық жүйелер жоғары сапалы құрамында еріген органикалық және бейорганикалық заттардың мөлшері төмен, сапалы су өндіру үшін пайдаланылатын өңдеу үдерісі түрінде кеңінен танымал. Физикалық, химиялық адсорбция және ион алмасу әдістері секілді сорбциялық технологиялар қалдық суларды және өнеркәсіптік қалдықтарды тазартуда бірден-бір таптырмайтын әдіс.

Өнеркәсіп суларындағы ауыр металл иондарын жоюда сәйкес адсорбентті таңдау мәселесі маңызды болып табылады. Көбінесе ауыр металл иондарын бөліп алу үшін арзан, әрі қол жетімді материалдар таңдалады.

Әдебиеттерде ауыр металдарды жоюдың көптеген өңдеу үдерістері ұсынылған. Белсендірілген көмірмен химиялық тұндыру, мембранның сұзу, ион алмасу, коагуляция және адсорбция үдерістері қалдықтарды ауыр металл иондарынан тазартуда кеңінен қолданылады [30-32].

Адсорбция үдерісі қалдық суларды тазартуда бәсекеге қабілетті әрі тиімді үдеріс болып саналады. Кез-келген микрокеуекті қатты затты адсорбент ретінде қолдануға болады. Кез-келген адсорбенттің маңызды қасиеті – оның беттік ауданымен және құрылымымен анықталады. Адсорбент бетінің

химиялық табиғаты мен полярлығы адсорбент пен адсорбат арасындағы тартылыс күштеріне әсер етуі мүмкін. Белсендірілген көмірдің кең дамыған құрылымы оны көптеген органикалық және бейорганикалық заттар үшін тасымалдауыш ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Әлбетте, белсендірілген көмірді өндіру және регенерациялау үдерісінің күрделілігі оны жиі қолдануға кедегісін тигізеді [33-34].

**Судың тұздылығы** - еріген тұздардың шоғырлану өлшемі. Табиғи су тұздардың шоғырлану шамасына қарай бірнеше топтарға бөлінеді: тұшы су – 1 г/л дейін, тұздылығы аз су – 1-ден 3 г/л-ге дейін, тұзды және өте тұзды су – 10-нан 50-ге дейін және тұзды су 50 г/л –ден артық [35]. Дүниежүзілік мұхиттағы судың тұздылығының орташа шамасы 35 г/л. Бұл судың тұздылығы бойынша тұрмыстық жіктелуі. Ол табиғи судың жіктелуінен өзгеше болады, онда тұшы судың минералдануы 1 г/л-ге дейін, тұзды 25 г/л-ге дейін, теңіздің тұзды суы 25-50 г/л, тұзды су 50 г/л-ден жоғары, ал рапа – 250-300 г/л[36].

Судың минералды құрамының негізгі құрауыштары оларға бекітілген шекті-рауалы мөлшері 1 – кестеде берілген [37].

Кесте 1.1 - Судың минералды құрамының негізгі құрауыштары

| Судағы заттар     | Шекті рауалы мөлшер, мг/л |
|-------------------|---------------------------|
| <b>1-ші сынып</b> |                           |
| <b>Катиондар</b>  |                           |
| Кальций           | 200                       |
| Магний            | 100                       |
| Натрий            | 200                       |
| <b>Аниондар</b>   |                           |
| Нитрат            | 45                        |
| Карбонат          | 100                       |
| Гидрокарбонат     | 1000                      |
| Хлорид            | 350                       |
| Сульфат           | 500                       |
| <b>2-ші сынып</b> |                           |
| <b>Катиондар</b>  |                           |
| Аммоний           | 2,5                       |
| Металдар          | 0,001 ммол/л              |
| Жалпы темір       | 0,3                       |
| <b>Аниондар</b>   |                           |
| Нитрит            | 0,1                       |
| Фосфат            | 3,5                       |

Жалпы тұз құрамына тұздардың 1-ші сыныбы негізгі үлесін қосады. Табиғи сулардың жалпы тұз құрамына шамалы үлес қосқанымен, тұздардың 2-ші сыныбын, судың сапасын бағалаған уақытта есепке алу керек, себебі,

олардың әрқайсысына ШРК-ң мәні қойылған. Суда еріген минералды тұздардың мөлшерін аналитикалық химия әдістерімен анықтайды. Табиғи сулардың сапасы, едәуір деңгейде, еріген минералды тұздардың еріген мөлшерімен анықталады. Әдетте табиғи суларда кездесетін минералды тұздар екі үлкен сыныпқа бөлінеді [36].

Судың минералды құрамының өзгеруі ең алдымен, қарапайым бір жасушалы ағзалардың тіршілік етуіне әсерін тигізеді. Себебі, еріген тұздар тірі жасуша элементтері үшін құрылыш материалы болып табылады және клетканың қоршаған ортамен зат алмасуын анықтайды. Тұздардың жоғары мөлшері, суатты қоршаған топырақтың минералды құрамына ауыр зардабын тигізеді және ауылшаруашылық дала егістерін суландыру кезінде жер асты сулары тұзданады да, топырақтың тұздануына әкеліп соғады. Судағы табиғи тұздылық тепе-тендігінің бұзылуына әкеліп соғатын, табиғи сулардың минералды тұздармен антропогенді байытылу көздері болып табылады:

1) қыстығұні қала көшелері мен жолдардан тұзы бар еріген қарсуласының құйылуы;

2) даала алқаптарын минералды тыңайтқыштармен өндегеннен кейін, ақаба жаңбыр суларымен шайылып құйылуы;

3) өндіріс кәсіпорындарынан шығатын тұзды, тазартылмаған ақаба сулары және тағы да басқа [37].

Тұздардың жоғары мөлшері ауыз судың дәмін бұзады, ал ШРК-дан асып түсетін тұз мөлшерлері ауыз су және шаруашылық қажеттіліктері үшін пайдаланылатын суды жарамсыздандырады.

## 1.2 Ионалмасу және сорбциялық әдістер

Қазіргі кезде ионалмасу әдісі арқылы ақаба су құрамынан металдарды (мырыш, хром, никель, қорғасын, кадмий, мыс және т.б.), сонымен қатар цианид қосылыстарымен бірге мышьяқ, фосфор қосылыстарын бөліп алады. Бұл тазалау әдісі суды жоғары дәрежелі тазалау кезінде бағалы заттарды бөліп алуға мүмкіндік береді [38].

Ионалмасу әдісі өндірістік ақаба суларды тазалап қана қоймай, тазаланған су мен металл қосылыстарын өндіріске қайта қолдануға мүмкіндік жасайды. Ол қазіргі кездегі гальваникалық цехтардың қайтымды сумен қамтамасыз ететін жалғыз тәсіл болып табылады [39].

Иониттер табиғи органикалық немесе бейорганикалық табиғи заттар және синтетикалық қоспалар болуы мүмкін. Иониттер ұнтақ, дән тәрізді, жіп тәрізді, табақша және жапырақша пішінде жасалынып шығарылады [40].

Ақаба суды ион алмасу әдісімен тазалау әдетте оларды катиондар және аниондарды пайдаланып, сұзу (кейде тұз пішіндегі иониттерді қолданады) арқылы жүзеге асырады.


Гальваника өндірісінің ақаба суларын ион алмасу әдісімен тазалаудың үш нұсқасы бар:

- жеке технологиялық үдерістерде түзілген ақаба суды жекешелеп тазалау;

- гальваникалық цехтар немесе участекердің жалпы ақаба суларын тазалау;
- ақаба су құрамындағы минералды түздардан арылу үшін химиялық реагенттерді қайталама залалсыздандырып, тазалау;

3 - суретте қышқыл-сілтілі ақаба суды ион алмасу әдісімен тазалаудың арнағы сыйбанұсқасы көрсетілген.

Ион алмасу әдісі негізінен жалпы түзділіктердің 3 г/л шамасына дейінгі ақаба суды тазалауға негізделеді. Су түзділіктердің өсуі, иониттер жұмысының регенерация аралық циклының төмендеуі салдарынан және химикастар регенерациясына жұмсалған шығынның ұлғаюынан бұл әдістің үнемділігін төмендетеді. Ауыр металдар мөлшерінің қосындысы қышқыл-сілтілі ақаба суларда 0,5 пен 1,5 г/л аралығында ауытқып тұрады. Осындай ақаба суды тазалауда иониттерді пайдалану гальваника өндірісіне тазаланған ақаба судың 90-95% қайтаруға, сонымен қатар ауыр металдарды қайта пайдалануға мүмкіндік береді [41].



1-ақаба суларды жинағыш, 2-сорғы, 3-механикалық сүзгі, 4-сорбциялаушы сүзгі, 5-катионитті сүзгілер, 6-анионитті сүзгілер.

1.3 сурет. Ионалмасу әдісі арқылы ақаба суларды тазалаудың принципиалды сыйбанұсқасы.

Ғылыми еңбектерде[42-45] ауыр металл иондарын тұнбаға түсіруде ионалмастырғыш шайырды пайдаланудың тиімділігі ( $Zn^{2+}$ ,  $Pb^{2+}$ ,  $Cu^{2+}$ ,  $Ni^{2+}$ ,  $Cd^{2+}$ ,  $Fe^{2+(3+)}$  және т.б.) көрсетілген.

Ақаба суларды терең тазалау әдістерінің ішіндегі ең тиімділерінің бірі - сорбциялық әдіс. Бұл әдістің тиімді жағы, мұндағы қолданылатын сорбенттер органикалық және бейорганикалық типтегі ластағыш заттарды толығымен ажыратып, бөліп алады.

Зертханалық зерттеулер көрсеткендегі, сорбент ретінде силикагель, алюминий және марганец құрамды руданы қолданғанда ауыр металл иондарын сіңіру тиімділігі 90% құрайды. Ақаба судағы ауыр металл иондарын тазалауға өндірістік қалдықтарды (жанған шахта кендерінің қалдықтары) пайдалануға болатындығы айтылады. Металл оксидтерінен тұратын, өндірістік қалдықтарды пайдалану (%): натрий оксиді 5-12, алюминий оксиді 5-10, кальций оксиді 1-3,

темір оксиді 0,5-1,5, кремний оксиді 50-70, ағызынды су құрамындағы ауыр металдардың мөлшерін азайтуға барынша мүмкіндік береді [46].

Мынаны ескеру қажет, жоғары сапалы полимерлерді синтездеуде синтетикалық материалдарды пайдалану, көп жағдайда экономикалық жағынан тиімсіз келеді, ал өндірістік қалдықтарды пайдаланғанда барлық кезде біз қалаған нәтижеге жете бермейміз, мысалы, су қоймалардың ШРК (ШРМ) нормасына жету.

Кеңінен таралған табиғи типтегі сорбент қатарына әртүрлі маркалы активендірілген көмірді жатқызуға болады. Активендірілген көмірмен тазалаудың тиімділігі олардың микросаңылаулардың, сонымен қатар, белгілі дәрежеде супермикросаңылаулардың болуына негізделген. Алайда, модифицирленбеген пішіндегі сорбенттерді пайдалану, ақаба суды қосымша тазалауды қажет етеді[47-48].

Ауыр металдарды модифицирленген шымтезек(торф) арқылы сорбциялау мүмкіндігі көрсетілген. Өндеу жағдайына байланысты, 1 кг модифицирленген торф 90 г хром, 115 г мыс, 130 г никель және 150 г қорғасынды сіңіре алады [49].


Мыс, никель және хром иондарын табиғи цеолиттердің (бөлшектердің ірілігі 0,01-0,5 мм) сіңіруі және олардың сутекті және натрийлі түрлері теңсалмақты және кинетикалық зерттеулерде көніл толарлық нәтиже береді. Цеолиттің негізгі минералдық құрауышы болып табылатын клиноптиолит және монтмориллониттің массалық қатынасы 4:1 тең. Берілген сорбентпен ауыр металл иондарын тазалау тиімділігі 90-96% құрайды. Каолинді лайда металдардың сорбциялануы келесі қатарда көрсетілген  $Pb > Cu > Zn > Cd$ , яғни ең жақсы сорбцияланатын қорғасын иондары, ал сорбцияланатын қасиеті төмен кадмийдікі [50-51].

Табиғи цеолитті сорбенттердің (клиноптиолит, морденит, кабазит, эрионит, және фелепсит) зертханалық зерттеулер нәтижелері, қорғасын бойынша динамикалық жағдайдары алмасу сыйымдылығы 1,6 мг-экв/г көрсетеді. Сорбциялау нәтижелері бойынша металдар қатары келесі түрде көрініс табады:  $Pb > Cd > Cs > Cu(II) > Co(II) > Cr(III) > Zn > Ni(II) > Hg(II)$

### 1.3 Кальций пероксидінің ( $CaO_2$ ) қасиеттері

Кальций пероксидіне ( $CaO_2$ ) ең алғаш рет 1810 жылы француз химигі Ж.Гей-Люссак зерттеу жұмыстарын жүргізді. Кальций пероксиді – әр түрлі салаларда қолданылатын пероксидті қосылыстардың бірі. Пероксидті композиция  $CaO_2$  негізінен 30-70 %(масс.) негізгі заттан, ал қалғаны -  $CaCO_3$  немесе  $Ca(OH)_2$  табиғи байланыстырыштар мен толтырыштардан тұрады [52]. Негізінде кальций пероксиді қатты құйінде қолданылады. Оның біртіндеп ыдырауы кезінде сутек пероксиді, кальций гидроксиді және белсенді оттек түзіледі.





Кальций пероксиді ыдырағандатұзілетін  $\text{H}_2\text{O}_2$  және  $\text{O}_2$  болғандықтан ол іс тәжірибеде кеңінен қолданылады (ағарту жұмыстарында, түссіздендіруде, жағымсыз істерді жоюда, кең көлемдегі дезинфекциялық жұмыстарда және т.б.) [53-55]. Ал қосымша түзілген кальций гидроксиді қажетсіз қышқылды орталарды нейтралдауға септігін тигізеді. Бұл қосылысты қолдануға деген қызығушылық оның ерекше қасиеттерімен ғана түсіндіріп қана қоймай, оның ыдырау кезінде ( $\text{CaCO}_3$ ,  $\text{O}_2$ ,  $\text{H}_2\text{O}$ ) экологиялық жағынан қауіпсіз өнімдердің түзілуіне де байланысты.

Суыз ортада  $\text{CaO}_2$  арнағы  $\text{CaCl}_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$  ертіндісін 3% сутек пероксидімен тұндырып, 25% сулы аммиакпен өңдеу арқылы алуға болады.

Кальций пероксиді ( $\text{CaO}_2$ ) – тетрагенді ақ кристалл, иессіз, келесідей физикалық-химиялық көрсеткіштерге ие: 275 °C температурада ырайды, тығыздығы 600 кг/м<sup>3</sup>, суда ыдырау көрсеткіші 20 °C температурада 1,65 г/л, 75% (масс.) мөлшерде белсенді оттек көрсеткіші 17% шамасында.  $\text{CaO}_2$  негізгі қолдану салалары төменгі 1.4-ші суретте көлтірлген [56-57].



1.4 сурет.  $\text{CaO}_2$  қолдану салалары

Кальций пероксиді қоршаған ортаны қорғау саласында да түрлі инженерлік шараларды шешуде қолданылады. Мысалы, ауыз суды тазалау кезінде оттегімен қанықтырып, сұзбедегі шырышты жояды. Сонымен қатар,

суды тазалауда темір, марганец және басқада металдарды тазалау кезіндегі тиімді әдіс ретінде қарастыруға болады [58].

$\text{CaO}_2$  жұмыс істеу кезінде кейбір қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет. Ол арнайы салқын, құрғақ жерде сақталады, мүмкін болса герметикалық ыдыстарда. Қауіпті заттар тізімі бойынша кальций пероксиді 5.1 қауіптілік сыныбына жататындықтан, автокөліктермен тасмалдауға рұқсат етіледі. Ең қарапайым қауіпсіздік талаптарын орындайтын болса, яғни арнайы бөлме температурасынан аспайтын жерде, арнайы контейнерлерде, қоршаған ортаның ылғалдылығынан және ластағыштардан алшақ жерде орналасатын болса, онда ол өзінің белсенділігін екі жылға дейін жоғалтпай сақтап тұра алады. Су буының әсерінен оттегінен айырылып,  $\text{Ca}(\text{OH})_2$  түзіледі. Сондықтан өзіндік сақтық шараларды сақтай отырып, оны әр түрлі үдерістерде пайдалану кезінде онда болатын өзгерістерге байланысты, елшеп салу қажет [59-60].

#### **1.4 Бентонит сазының физикалық-химиялық қасиеттері, қолдану жолдары**


Бентонит саздары, цеолиттер, алюмосиликаттар, табиги өзендер мен теңіздердің түбінде болатын химиялық шөгінділер, атап айтқанда бокситтер, латериттер, ферролиттер, карбонаттар, органикалық тектес қоспалар, өсімдік пен жануарлар қалдықтары – қарашибіріқ, шымтезек, лигнин, қоңыр және тас көмір, өсімдіктер мен сапасыз көмірлерден алынған активтелген көмір, т.б. сорбенттердің рөлін атқаратыны кең ауқымда ғылыми түрде теориялық түргыдан болсын, тәжірибелік жолмен болсын айқын дәлелденген [61-64].

Қазақстанда бұл табиги материалдар оңай табылатын, жеткілікті мөлшерде болатын, пайдалана білсе біраз экологиялық мәселелерді шешуге негіз бола алатын заттар. Табиги бентониттер мен цеолиттер сорбенттік қасиетпен қатар каталитикалық қасиеттері де белгілі [65-66].

Қазақстан ғалымдары бентонит саздарын, цеолиттерді және олардың басқа материалдармен қоспасын ақаба суларды, газ тәріздес шығарындыларды тазалауға болатынын көрсетті [67-69].

Ақбасова А.Ж. бастаған топ [70-71] табиги саздар мен өндіріс орындарының қалдықтарының негізінде адсорбенттердің класын кеңейту мүмкіншіліктерін көрсеттіп, ғылыми негіздерін жасады. Топырақ жүйесін ауыр металдардан детоксикациялайтын технологияны ұсынды. Бұл технологияда бентонит сазы (Оранғай кен орны) мен қант өндірісінің (Алматы, Тараз қант зауыттары) карбонатты зиянсыз «недопал» деп аталатын қалдығы қолданылды [70-73]. Осы қоспа КР бірқатар локомотив деполарында өндіріске енгізіліп, олардың ақаба суларын ауыр металдардан, мұнай өнімдерінен, БАЗ 92,0-99,8 % аралығындағы тазарту дәрежесімен сипатталатыны дәлелденді.

ЕмельяновА.Н. [74] ұсынған монтмориллонит минералының жалпы структуралық формуласы келесі 5-ші суретте берілген, бұл формула натрий монтмориллонитінің, оның орнына кен орнына қарай калий, кальций магний болуы мүмкін, алмасу реакциялары осы металдарға қатысты, суды сініру монтмориллониттің қабаттық структурасына байланысты.



1.5 Сурет. Монтмориллонит минералының структуралық формуласы

Төменгі 2-ші кестеде Қазақстанның ірі кен орындарының бентонит саздарына қатысты зертханалық зерттеулер арқылы анықталған химиялық құрамдар келтірілген.

Қазіргі шақта Таган кен орнының бентониті медицинада кең қолданылуда және сонымен қатар шет елдерден оған сұраныс күннен күнге асуда. Бұл жағдайға себеп оның құрамында негізгі минерал монтмориллониттің мөлшері (90-95%) мен сапалылығы. Көптеген көрсеткіштер бойынша ол француз «Смектасынан» асып түсетін саз. Басқа кен орындарындағы саздарда монтмориллонит минералының мөлшері 60,0-85,5% аралығында. Сапасы бойынша екінші орында тұратын бентонитке Андреев кен орнының жатады. Соңғы кезде бұл сазда медицинада қолданылып келе жатыр [75].

Бентонит сазының өзіне тән механикалық, физикалық-химиялық, биологиялық пайдалы қасиеттерінің жиынтығына қоса арзандығы, жетекіліктілігі, экономикалық тиімділігі. Осындағанда бағалы қасиеттерге ие болуы бентониттердің халық шаруашылығының әртүрлі салаларында кеңінен қолданылуына жол ашты, әрі бентонит саздарын XX ғасырдың пайдалы қазбаларының қатарына қости [76].

Бентонит сазы өзінің коллоидты-химиялық қасиеттерін сақтай алатын табиғи, ұнтақ тәрізді бағалы материал. Бентонит табиғи немесе өндөлген түрде қолданылады. Өндөуді жоғары температурада қыздыру немесе әртүрлі реагенттермен әрекеттестіру арқылы өткізеді [75].

Кесте 1.2—Қазақстанның бентонит саздарының орта химиялық құрамы

| Құрауыштар                     | Құрауыштардың (компоненттердің) мөлшері, % |                      |                                     |                        |                                  |                        |
|--------------------------------|--|----------------------|-------------------------------------|------------------------|----------------------------------|------------------------|
|                                | Қынғырақ кен орны (ОҚО)                    | Таган кен орны (ШҚО) | Қарақия кен орны (Маңғыстау облысы) | Орынғай кен орны (ОҚО) | Андреев кен орны (Алматы облысы) | Дарбаза кен орны (ОҚО) |
| Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub> | 4,9  | 1,79                 | 0,8                                 | 6,8                    | 3,1                              | 3,9                    |
| Al <sub>2</sub> O <sub>3</sub> | 17,9                                       | 22,4                 | 24,1                                | 14,6                   | 23,1                             | 24,1                   |
| SiO <sub>2</sub>               | 60,42                                      | 55,8                 | 56,58                               | 50,43                  | 54,9                             | 58,1                   |
| MgO                            | 4,0  | 3,36                 | 5,32                                | 2,0                    | 4,7                              | 2,3                    |
| CaO                            | 3,0  | 1,62                 | 1,92                                | 4,2                    | 2,5                              | 1,9                    |
| K <sub>2</sub> O               | 1,4  | 0,13                 | 0,4                                 | 2,2                    | 0,9                              | 1,3                    |
| Na <sub>2</sub> O              | 0,62                                       | 2,64                 | 2,92                                | 0,6                    | 1,0                              | 1,5                    |
| P <sub>2</sub> O <sub>5</sub>  | -  | -                    | -                                   | 0,1                    | -                                | 0,1                    |
| Cl <sup>-</sup>                | 0,1  | 0,1                  | 0,1                                 | 0,2                    | 0,1                              | 0,1                    |
| H <sub>2</sub> O               | 6,5  | 0,9                  | 5,7                                 | 13,9                   | 6,7                              | 6,8                    |

Саздардың қасиеттері негізінен кристалдық торының құрлысымен және химиялық құрылымымен анықталады. Саз минералдар, негізінен (95 %), алюминий, кремний, темір, магний оксидтері мен судан құралған. Сәйкесінше оксидтер үлесі: SiO<sub>2</sub>-54,81 %, Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub>- 16,12%, CO<sub>2</sub>-2,36%, CaO-2,20%, TiO<sub>2</sub>-0,93%, K<sub>2</sub>O -0,69%, Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub>-0,42%. Бентонит саздарының құрамындағы негізгі минералга монтмориллониттен басқа да минералдар кездеседі. Мысалы,

лимонит, рутил, магнетит, лейкоксенжатады, сонымен қатар, циркон, турмалин жәнет.б[77].

Халық шаруашылығы үшін монтмориллониттің маңызы зор. Оның себептері мынадай: ұсақ дисперстілігі, ісінгіштігі, ион алмасуы, сорбциялық қабілеттерінің жоғарылығы және тұрақты коллоидтық ерітінділер түзі [77]. Монтмориллонит минералына кристалдық тордың 2:1 түрі тән: екі кремний оттегі тетраэдрлік тордың ортасында алюмоотекті октаэдр торы орналасқан. Әрбір кремний оттегі тетраэдрлердің төбелері октаэдрлік тордың гидроксил төбелерімен ортақ қабат түзеді.

Изоморфты орынбасулар нәтижесінде теріс зарядталған қабаттар арасында гидратталған алмасқыш катиондар, су молекулалары ені мүмкін. Бұл жағдайда ортақ оттек атомдары арқылы әлсіз байланысқан қабаттар арасы ыдырап, кеңеюі (ісінуі), тіпті жеке пакеттерге бөлініп кетуі мүмкін.

Сазды минералдар катион алмасады. Бұл құбылыстың келесідей себептері бар [77]:

1.Октаэдрлік тордағы  $Mg^{2+} \rightarrow Al^{3+}$  және  $Al^{3+} \rightarrow Si^{4+}$  изоморфты орын басулар нәтижесінде құрылымдық ұяшықтарда теріс заряд пайда болады. Ол көбінесе тордың теріс алмасқыш катиондары арқылы теңеледі.

2.Кристалдық тордағы химиялық байланыстардың үзілуі бөлшектердің бүйірлік қырларындағы гидроксил топтарының пайда болуына әкеледі. Олардың сутек атомдары тиісті жағдайларда ион алмасу реакциясына түседі.

Зерттеулердің көрсетуі бойынша [78], монтмориллонит ион алмасу сыйымдылығының 80 % изоморфты орынбасу, 20 % байланыстардың үзілуіне келеді.

Бентонит саздарының өте маңызды коллоидты-химиялық қасиеттерінің бірі- ісінгіштігі. Бұл көрсеткіштің маңыздылығы келесіде- ісіну қабілеті саз шикізатының ерітінділер (суспензиялар, пасталар) дайындау мүмкіндігін көрсетеді. Олар өзінің сапасын өзгертуей ұзақ сақталуы және дисперсті фазаның мүмкіндігінше аз мөлшерімен сипатталуы керек [77]. Саздардың ісіну дәрежесі олардың технологиялық үдерістердегі қасиеттерін анықтайдын негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады.

Саз минералдарының ісіну дәрежесі алмасқыш катиондарының табиғатына, қоршаған ерітінділердегі электролиттің мөлшеріне, оның концентрациясына, дисперсті ортаның диэлектрлік өткізгіштігіне, өндөу температурасына тәуелді [77].

Na- монтмориллониттердің суспензиялары, біртекті және айтарлықтай тұрақты келеді. Саз бөлшектері арасында әлсіз байланыстар (сүтектік) түзіледі, суспензияда құрылым пайда болады. Бұл құрылым белгілі уақыт аралығында берік, қозғалмайтын, іркілдек тәрізді зат- гельге айналады. Мұндай жүйе қайтымдылық қасиетіне ие (тиксотропия) – механикалық әсерден құрылым бұзылады да, әсер тоқталған соң құрылым қайтып қалпына келеді. Na- монтмориллониттер 5 %-дан жоғары концентрацияда тиксотропиялық қасиеттер көрсетеді [79].

Дисперсті жүйелердің маңызды қасиеттерінің қатарына тұрақтылығы – седиментациялық және агрегациялық жатады. Седиментациялық тұрақтылық дисперсті фаза бөлшектерінің тұңбаға шөгуіне қарсы қасиет. Ал агрегациялық тұрақтылық бұл дисперсті фаза бөлшектерінің бірігуіне қарсы қасиет. Тұрақтылықтың екі түрі тығыз байланысты: бөлшектердің бірігуі, іріленуі седиментациялық тұрақтылықты төмендетеді. Тұрақтылыққа әсер ететін факторлар: сольваттық қабат, электрокинетикалық-механикалық кедергілер[80].

Органикалық және минералды құрылым түзгіш полимерлер негізінде криогендеу әдісін қолданып нанокомпозициялық сорбенттер алу мүмкіндігі зерттелген. Композиция компоненттері ретінде Маңырақ жерінен алынған бентонит сазы мен тағамдық желатин алынған [81]. Сорбциялық қабілеттің бағалауға мыс ионының 5, 10, 20 мкг/мл концентрациялық ерітінділері және 10, 13, 15 %-дық желатин – бентонит сазы негізіндегі композициялар алынған. Саздың композициядағы мөлшері өскен сайын сорбция мөлшерінің жоғарлауы байқалған. Бұның себебі саздың сорбциялық қабілеттің жоғарлығымен байланысты. Ол композициядағы саздың теріс зарядтары мен металл иондарының элокстростатикалық байланыстары арқылы саздың сорбциялаудағы рөлі басымдығын айқындаиды. Композицияның концентрациясы жоғарылаған сайын мыс иондарының сорбциясы артатындығы байқалған. Бұл әрекеттесуші массалар заңымен түсіндірілген. Сонымен зерттеу нәтижелері алынған нанокомпозициялық криогельдер суды мыс катиондарынан тазалауға пайдаланылатын сорбент ретінде қолдануға тиімді материал екендігін көрсетті.

Акимбаева А.М бастаған топ - бентонит сазы негізінде алынған органо-минералды катионитпен мыс (II) иондарын сорбциялау нәтижелерін көрсеткен. Қышқылдық белсендерілген бентониттің бетінде акрил қышқылын полимерлеу арқылы катионит алынды. Мыс иондарының сорбциясын температура бөлмесінде статикалық жағдайда жүргізілді. Сорбцияны жүргізгеннен кейін тұнбаны сұзгіден өткізіп, атомдық абсорбция әдісімен метал иондарын сұйық фазада анықтады. Мыс иондарының катионитпен жұтылуы бастапқы ерітіндінің концентрациясына тәуелді екені және метал иондарының қатты фаза мен ертінді арасындағы теп-тендік таралуы оргено-минералды катионит үшін бөлме температурасында 30 минуттан кейін орнайтыны анықталды. Бұл катионит мыс иондарын селективті түрде сорбциялайтыны анықталды [82].

Акимбаева А.М мен Ерғожин Е.Е - бентонит сазы мен аниониды полиакриламидтер негізіндегі саз-полимерлік композиттермен  $^{137}\text{Cs}$  сорбциясын жүргізген. Саз- полимерлік композитті алу үшін сілтілік-жер бентонит кальций және магний катиондарын натрий катионына алмастырып модифицирленді; нәтижесінде саз бөлшектері дисперстелуге ұшырап, бентонит сазының ісіну дәрежесі жоғарылады. Сосын бентонит геліне ПАА ерітіндісін енгізіп, қоспаны қарқынды араластырып, 24 сағат бойы бөлме температурасында ұстаған. Композиттің сулы суспензиясында бентониттің суға қатынасы 1:5,4  $^{137}\text{Cs}$  сорбциясын зерттеу келесідей нәтиже көрсетті:  $^{137}\text{Cs}$  концентрациясы 1 % болған кезде ПАА молекулары композиттің активті

орталықтарын шектемейді. Зерттеу нәтижесінде алынған саз-полимерлік композиттер болашақта өте жақсы сорбенттер ретінде қолдануға болатынын көрсетті [82].

Көміртекті сорбенттердің рөлі ауыз су мен ақаба суларды ауыр металл иондарынан, органикалық қосылыстардан тазалаудың мәселесін шешуде артып отыр. Көміртекті сорбенттерді органикалық шикізаттардың барлық түрінен пиrolиздеу арқылы алуға болады. Солардың бірі өсімдік шикізаттары және олардың қалдықтары болып келеді. Шикізат ретінде әртүрлі жеміс дәнектерін, жаңғақ қабығын, шабдалы дәнегінің қабығын, ағаш түрлерін және басқа да ауыл шаруашылық өсімдіктерін өндеден кейінгі қалдықтарын, күріш ұнтағы мен қауызы, бидай қалдықтарын және тағы басқаларын алуға болады [83].

Ibrahim Kula бастаған топ зәйтүн сүйегін модификациялау арқылы ақаба су құрамындағы Cd (II) ионынан тазалаған. Cd (II) иондарын сорбциялау дәрежесінің сорбциялану уақытына және карбонильдеу температурасына тәуелділігі статикалық жағдайда зерттелінген [84].

Органикалық және бейорганикалық қоспалары бар өндірістік ақаба суларды тазартуда белсендірілген көмір қолдану тиімді әдістердің бірі болып табылады [85]. Механикалық, физикалық – химиялық, биологиялық және адсорбциялық тазарту әдістерін біріктіретін бұл әдіс ақаба суларды кешенде және терең тазалау үшін қолданылады. Бұл әдістің тағы бір артықшылығы – заттарды көпкомпонентті қоспалардан сорбциялау қабілеттілігі. Көмір сорбенттері гидрофильді және олардың негізінде алынған адсорбенттер ақаба суларды зиянды қоспалардан тазарту кезінде біртіндеп бұзылады. Сондықтан ақаба сулардағы көмірдің ірі және ұсақ дисперсті бөлшектерін тұндыру қажет.

Тұсіпбекова мен Мансұровтың жұмыстарында күріш қауызы мен сары өрік сүйегінің негізіндегі алынған белсендірілген көмірдің сорбциялық қасиеттері және беттік құрылымы мен морфологиясы электрондық микроскопия әдісімен зерттелінген [86]. Суреттерден 650°C температурада карбонильденген үлгілерде әртүрлі майда бөлшектердің түрлері және перделі түзілудердің үлкен мөлшері бақыланды. 600°C температурада бұл жұқа үлдірлер қалындығы 10 нм, диаметрі 400-500 нм, ұзындығы 1400 нм болатын бір қабырғалы көміртекті талшықтарға айнала бастайды. Ақаба суды ауыр металл иондарынан тазартуда әртүрлі температурада карбонильденген сорбенттер қолданылады. Мыс пен кадмий, қорғасын иондарын сорбциялау дәрежесінің сорбциялану уақытына және карбонильдеу температурасына тәуелділігі статикалық жағдайда зерттелді. Мыс иондарының сорбциясы 600 °C – де және одан жоғары температурада карбондалған үлгі үшін бастапқы 5 минуттың өзінде 96 – 99 % құрайды. Қорғасын ионының сорбциясы 97 %, ал фосфорланған күріш қауызында қорғасын иондарының сорбциясы 78 – 88 % болуы сорбция дәрежесінің жоғары екендігін көрсетеді.

## 1.5 1-ші бөлім бойынша қорытынды

Әдеби шолуда ақаба және құдық суларына, оларды залалсыздандыру, қайтара пайдалану жолдарына сипаттама берілген.

Суды тазалау әдістері қарастырылып, сорбциялық әдіске және қолданылатын сорбенттердің физикалық-химиялық қасиеттеріне назар аударылған.

Әдебиеттердегі мәліметтері негізінде жұмыстың бағыты, мақсаты мен міндеттері анықталды.



## **2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ, ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ОРЫНДАУ ТЕХНИКАСЫ**

**Зерттеу нысандары:** CaO<sub>2</sub>, БАУ- А маркалы белсендірілген көмір, зәйтүн зауытының қалдықтары, бентонит саздары, «Арыстанбаб» кесенесінің құдық сулары, ЖПС «СКЗ - U», Арыс станциясының ақаба сулары, ХҚТУ-н су бассейнің сусы, және т.б.

## 2.1 Су үлгілерін дайындау және іріктеу

Анализдің едәуір деңгейінде дұрыстылығын анықтатын су үлгілерінің іріктеме стадиясы ретінде қарастыру қажет және үлгіні іріктеу үдерісінде жіберген қателіктерді келешекте, тіпті квалификацияланған аналитикте түзете алмайды.

Су үлгісінің орнын және іріктеу жағдайын әр кезде зерттеудің нақтылы ережелермен анықтайды, бірақ үлгіні іріктеудің негізгі ережелері жалпы түрде болады:

- анализ үшін алынған судың үлгісінің орны және жағдайын көрсетуі қажет;
- іріктемесі, сақталуы және тасымалдануы, оның алғашқы құрамының өзгермеуін қамтамасыз ету керек (анықталатын құрауыштардың немесе судың қасиеттері);
- үлгінің көлемі әдістемеге сәйкес аналитикалық процедураны өткізу үшін жеткілікті болу қажет.

Су үлгілері бір реттік және сериялы болуы мүмкін. Бір реттік іріктеуді әдетте су анализінен алғашқы сапалық мәлімет алу керек болғанда қолданады.

Үлгілер түрге байланысты жай және аралас болып келеді. Жай үлгі бар қажеттіліктің су көлемінің анализі үшін бір реттік іріктеу жолымен қамтамасыз етіледі және алынған мәлімет тап осы уақыттағы, тап осы нүктенің құрамына жауап береді.

Аралас үлгіні әртүрлі нүктelerde немесе уақыттың әртүрлі аралығында, су құрамының орташа көрсеткішін көрсететін жай үлгілерді араластыру жолымен алады. Егер үлгіні ашық су ағынынан алса, ол кәдімгі: үлгіні іріктеу үшін жақсы жер болып табылатын толқыны қатты, тасқынды участкілер сияқты жағдайды сақтау қажет [87].

Ақаба сулардың үлгісін іріктеу барысында келесі шарттарды ұстану қажет:

- іріктеу жылдамдығының 0,5 м/с аспауы;
- үлгі іріктеудің саңлауының диаметрі 9-12 мм болуы;
- жоғары турбуленттілік (болмаса, жасанды түрде жасау).

Ауыз су үлгісін іріктеу барысында толық ашылған краннан суды алдын ала 15 мин ішінде жіберіледі. Іздесті тығынмен жаппай тұрып, көлемі 5-10 см<sup>3</sup> ауа қалатындей етіп, судың беткі қабатын төгеді. Үлгіні іріктеу және сақтау үшін әртүрлі типті ыдыстарды қолданады. Үлгіні іріктеу және сақтау үшін ыдыс таңдау кезінде, анықтатын құрауыштардың ерекшеліктерін есепке алу керек. Көрсетілген мақсаттар үшін шыны, поліэтилен, тефлоннан жасалған ыдыстарды кең қолданады [88].

Негізінен полиэтиленді және тегіс шынылы тығындарды қолданған жөн, бірақ тығыз кеуекті немесе резеңкелі тығындарды да пайдалануға болады. Резеңкелі тығындарды  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  1% ерітіндісінде, тығыз кеуекті тығындарды дистилденген суда қайнатады, содан кейін сумен,  $\text{HCl}$  –дың бір пайыздық ерітіндісімен және бірнеше рет дистилденген сумен шаяды. Улгіні іріктемей тұрып, сумен 3 реттен кем емес алдын ала жуылған ыдысты шаяды. Іріктеліп жатқан үлгіге механикалық қоспалардың түспеуін қадағалау қажет. Улгінің көлемі 0,5 л болу керек [87].

**Қорғау (консервация) және сақтау.** Анализді іріктеу күнінде жүргізу мүмкіндігі болмаса, сол кезде ғана ауыз су үлгісін консервациялады.

Бөтепкелер саңлаусыз жабық болуға тиісті. Қажеттілік тұғанда, тығындардың үстінен парафин және канифолидің қоспасын (80-90 пайыздық парафин және 10-20 пайыздық канифоли) ерітіп құюға болады. Егер су ұзак сақталатын болса, онда 1л суға 2 мл хлороформ қосып консервациялады [89].

Ақаба суларын консервациялау қыын, өйткені консерванты енгізу кезінде анализді қыындана түсетін жанама үдерістерге әкеп соғуы мүмкін. Кейбір жағдайда ақаба сұнының үлгісін 3-4  $^{\circ}\text{C}$  сұтынып, сақтау барысында, ондағы биохимиялық үдерістерді баяулатуға болады. Бұл табиги сулар үшін де қолайлы. Улгілерді бірнеше сағат ішінде анализдеу немесе тоқазытқышта сақтау қажет.

## 2.2 Ибата сазының химиялық және минералдық құрамы

Ибата бентониттіндегі гумустың мөлшері 1,29% (құрғақ затқа қатысты). Бұл саздың механикалық құрамын негізінде екі фракция: лайлы 57,7% және майда шаң 26,3% құрайды. Орта және ірі шаң бөліктерінің мөлшері, сәйкесінше, 5,2% және 5,3% тең.

Ибата кен орнының сазының түрі ақшыл сұр түсті реңі жасылданған, біркелкі боянған, темір гидроксидінің қатысы бар екені көрініп тұрган, жұқа қабатты плиткалық бөліктерден тұратын жыныс. Бұл материалдың майда дисперсті, саусаққа жүққанда сабын сияқты жылтыр беті бар, тұз қышқылын тамшылатқанда қайнайтын белгісі болмады.

Тұтқұрлығы жоғары болғандықтан жақсы шлиф алынбады. Сазды шикізатты иммерсиялық сұйықтықтың қомегімен бояуларды қолдана отырып, минералогиялық әдіспен зерттедік.

Монтмориллониттің бар жоғын сапалық түрде анықтадық. Ол үшін саздың суспензиясына метилен коктің ерітіндісін құйғанда пелитті фракциялар көкшіл-кулгін түске боялды, оның үстіне калий хлоридін қосқанда көкшіл-жасыл гель тәрізді тұнба түзілді.

Ибата сазының тәжірибе арқылы алынған минеральдық құрамы және спектральдық талдау (жартылай сандық) негізінде анықталған микроэлементтердің мөлшерлері төмендегі 2.1-ші және 2.2-ші кестелерде келтірілген.

Кесте 2.1 –Ибата сазының минералдық құрамы, %

| №<br>п/п | Минералдар                       | Мөлшері | №<br>п/п | Минералдар       | Мөлшері |
|----------|----------------------------------|---------|----------|------------------|---------|
| 1        | Монтмориллонит                   | 42,0    | 7        | Фосфаттар        | 0,3     |
| 2        | Гидрослюда                       | 36,0    | 8        | Дала шпаттары    | -       |
| 3        | Кварц-кремнезем<br>модификациясы | 8,3     | 9        | Хлорит           | -       |
| 4        | Гипс                             | 0,9     | 10       | Цеолиттер        | -       |
| 5        | Кальцит                          | 0,6     | 11       | Темір гидроксиді | 11,3    |
| 6        | Рутил                            | 0,6     |          | Барлығы          | 100,0   |

Кесте 2.2 – Саздардағы микроэлементтердің мөлшері, %

| Элементтер | Ибата сазы | Оранғай<br>сазы | Элементтер | Ибата<br>сазы | Оранғай<br>сазы |
|------------|------------|-----------------|------------|---------------|-----------------|
| Sr         | <0,01      | 0,01            | Cr         | 0,008         | 0,006           |
| Co         | 0,0015     | 0,0010          | Ag         | 0,000006      | 0,000008        |
| Zn         | 0,006      | 0,006           | Zr         | 0,015         | 0,015           |
| Y          | 0,002      | 0,002           | Li         | 0,003         | 0,004           |
| Cu         | 0,003      | 0,002           | Nb         | 0,0008        | 0,0008          |
| Sn         | 0,0003     | 0,0003          | Be         | 0,0002        | 0,00015         |
| Mo         | 0,0015     | 0,0004          | Ge         | <0,0001       | 0,0001          |
| Ba         | 0,03       | 0,03            | Ga         | 0,001         | 0,001           |
| Ni         | 0,004      | 0,004           | W          | <0,0003       | <0,0003         |
| V          | 0,02       | 0,01            | As         | 0,002         | <0,002          |
| Pb         | 0,004      | 0,003           | Sc         | 0,0015        | 0,0008          |

Химиялық талдау нәтижесінде табылған зерттелген сазда табылған құкірт оксидінің жалпы мөлшері  $\text{SO}_3$  (жалпы) = 0,42%. Сульфидтік құкірт бар минералдар Ибата сазының құрамында табылмады. Сульфаттық құкірт тек шашыраңқы микроскопиялық гипс пластинкаларында ғана болды.

Зерттелген саз  $<0,01\text{ mm}$  өлшемдегі бөлшектерден ( $\approx 95\%$ ) және  $>0,01\text{ mm}$  алевритті материалдардан ( $\approx 5\%$ ) тұрады.

Перлитті материалдың (бөлшектердің өлшемі 0,01 mm және оданда төмен) құрамында монтмориллониттің гидрослюдамен, темір гидроксидінен және майдаланған алюмосиликаттар қоспасы бар. Осыған байланысты Ибата сазын гидрослюдалық-монтмориллониттің саз, темірленген және аз мөлшерде гипстелген деуге болады.

$\text{Cd}, \text{Sb}, \text{Bi}, \text{Hg}, \text{B}, \text{Tl}, \text{Ta}, \text{La}, \text{Au}, \text{Ce}, \text{Yb}, \text{In}, \text{U}, \text{Gd}, \text{Hf}$  – бұл элементтердің мөлшері спектральдық әдіспен анықталатын шектен төмен болғандықтан олар туралы мәліметтер алынбады.

### 2.2.1 Бентонит сазының ісінуін қасиеттері

*Бентонит сазының ісінуін анықтау.* Бентониттің ісінуіне қажетті ылғалдың максималды көлемі (W) келесі формула мен анықталады [90]:

$$W = V \gamma 100/P, \quad (2.1)$$

бұл жерде:  $V$  – сінірілген судың көлемі,  $\text{cm}^3$ ;

$\gamma$  – судың меншікті салмағы,  $\text{g/cm}^3$ ;

P – бентонит үлгісінің салмағы, г.

*Саздың құрылымдық сорбциялық қасиеттерін анықтау.* Бентонит сазының статикалық белсенділігін оның су немесе бензол буларын сінірген көлемі арқылы келесі формуланып қолданып анықтайды [91]:

$$V_s = m/d, \quad (2.2)$$

бұл жерде:  $m$  – су немесе бензол буының  $20^{\circ}\text{C}$  сорбцияланған мөлшері, г;


$d$  –  $20^{\circ}\text{C}$  судың немесе бензолдың меншікті салмағы.

### 2.3 Карбонат және гидрокарбонат аниондарын анықтау


Карбонат және гидрокарбонат аниондарын анықтау химия тұрғысынан алғанда, ең қызықты құбылыстардың бірі болып табылады. Анықтау титриметриялық болып келеді және индикатор түрінде метилоранж береншінен фенолфталеиннің барысында аниондардың сутек иондарымен реакциясына негізделген. Осы екі индикаторды қолданып, эквиваленттің екі нүктесін бақылауға мүмкіндік беріледі: бірінші нүктеде  $\text{pH}$  8,0-8,2 фенолфталеиннің барысында карбонат аниондардың, екінші нүктеде  $\text{pH}$  4,1-4,5 гидрокарбонат аниондардың титрленуі толығымен аяқталады. Судың үлкен және жалпы сілтілігін, қышқылдың (гидроксокарбонат және гидрокарбонат аниондар), тұтынуын қамтамасыз етіп, титрлеудің нәтижесінде зерттелген ерітіндіде

негізгі иондардың мөлшерін анықтауға болады. Себебі, олар гидроксокарбонат және гидрокарбонат аниондарының құрамынан стехиометриялық тәуелділікте болады. Титрлеу үшін мөлшері – 0,05 г-экв/л немесе 0,1 г-экв/л дәл мәні белгілі тұз қышқылының титрленген ерітінділері қолданылады [92].


Карбонат аниондарды анықтау мына реакцияға негізделген



pH көрсеткіші 8,0-8,2 салардағанда, аналитикалық түргыда анықталатын мөлшерде карбонат аниондарын анықтау барысында, зерттелген суда гидроксо – аниондарының болуы бейтарап реакцияны береді



Гидрокарбонат аниондарын анықтау тәмендегі реакцияға негізделген



Сөйтіп, фенолфталеин бойынша титрлеуде реакцияда қышқылмен OH<sup>-</sup> және CO<sub>3</sub><sup>2-</sup> - аниондары, ал метилоранж бойынша титрлеуде – OH<sup>-</sup>, CO<sub>3</sub><sup>2-</sup>, және HCO<sub>3</sub><sup>-</sup> - аниондары қатысады.

Карбонат – аионының массалық мөлшерін тәмендегі (2.6) формула бойынша шығарады

$$C_k = V_k \cdot 300 \quad (2.6)$$

мұндағы: C<sub>k</sub> – карбонат- ионның массалық концентрациясы, мг/л;

V<sub>k</sub> – титрлеуге кеткен тұз қышқылы ерітіндісінің көлемі, мл.

Ерітіндіні карбонат аионын титрлекеннен кейін келесі гидрокарбонат- аионының массалық концентрациясын анықтау үшін қалдырылады.

Гидрокарбонат – аионының массалық мөлшерін келесі (2.7) формуламен есептейді

$$C_{tk} = V_{tk} \cdot 305 \quad (2.7)$$

мұндағы: C<sub>tk</sub> – гидрокарбонат-аионының массалық мөлшері, мг/л;

V<sub>tk</sub> – титрлеуге кеткен ерітіндінің көлемі, мл.

1) карбонаттың көрмектілігін келесі (2.8) формуламен есептейді

$$K_k = C_k \cdot 0,0333 + C_{tk} \cdot 0,0164 \quad (2.8)$$

мұндағы: C<sub>k</sub> – карбонат- ионның массалық мөлшері, мг/л;

$C_{\text{тк}}$  – гидрокарбонат-анионның массалық мөлшері,  
0,0333 және 0,0164 – осы аниондардың көрі эквивалентті  
өлшемдеріне тең коэффиценттер [93].

мг/л;  
массалық

## 2.4 Судағы сульфаттарды анықтау

Сульфат анионның массалық мөлшерін анықтау әдісі, реакция бойынша барий сульфаты ерімейтін суспензиясының пайда болуымен, барий катиондармен сульфат аниондарының реакциясына негізделген [94].



Сульфат ионының мөлшері барий сульфаты суспензиясының саны бойынша бағаланады және ол турбидиметриялық әдіспен анықталады. Турбидиметриялық әдістің ұсынылған қарапайым нұсқаларының бірі, тұнықтылығы бойынша суспензия баған биіктігінің өзгеруіне негізделген және 30 мг/л артық емес сульфат анионның концентрациясы барысында қолданылады.

Анализді тұнық суда орындайды (қажеттілік туған жағдайда суды сүзгілейді). Суда, ауыз су шаруашылық суваттарда сульфаттардың ШРК-сы 500 мг/л құрайды, зияндылықтың шекті көрсеткіші – органолептикалық [95].

## 2.5 Судағы хлоридтерді анықтау

Ұсынылған әдіс хлорид-анионның массалық концентрациясын анықтауы күміс нитраты ерітіндісімен хлорид-аниондарын титрлеуге негізделген, нәтижесінде ерімейтін күміс хлоридінің суспензиясы пайда болады. Химиялық реакциясы келесі түрде жазылады:



Күміс нитратының артықшылығына, күміс хроматының сарғыш-құба тұнбасының пайда болуымен көзге түсіп, әсер ететін индикатор ретінде, калий хроматы қолданылады



Осы әдіс аргентометриялық титрлеу атауын алды. Титрлеуді pH 5,0-8,0 шегінде орындауға болады.

Хлорид-анионның массалық мөлшерін ( $C_{\text{хл}}$ ) мг/л (2.12) формулаға сәйкес есептейді:

$$C_{\text{хл}} = \frac{V_{\text{хл}} \times H \times 35,5 \times 1000}{V_A} \quad (2.12)$$

мұндағы:  $V_{\text{ХЛ}}$  – титрлеуге кеткен, күміс нитраты ерітіндісінің көлемі, мл;

$H$  – түзетілген коэффицентті есепке алғандағы күміс нитратының титрленген ерітіндісінің мөлшері, г-экв/л;

$V_A$ - анализге алынған, судың көлемі, мл;  
35,5 – хлордың эквивалентті массасы;

1000 – г/л-ден мг/л-ге бірлік өлшеудің қайта есеп коэффициенті [96].

Ауыз су үшін хлорид бойынша ШРК – 350 мг/л. Судың сору және гидрохимиялық анализінде құрамында хлор болуының негізгі операциялары:

- 1) су (10 мл) үлгісін іріктеу;
- 2) үлгіге калий хроматы ерітіндісінің 3 тамшысын қосу;
- 3) үлгіні күміс нитраты ерітіндісімен кетпейтін құба бояуга дейін титрлейді және титрлеуге кеткен ерітіндінің көлемін анықтайды ( $V_{\text{ХЛ}}$ );
- 4) жоғарыда келтірген формула бойынша хлорид-анионның массалық мөлшері есептелінеді.

## 2.6 Нитрат-анионының анықтау

Нитрат-аниондарын судың кәдімгі құрауыштары ретінде қарастырып, оларға сандық әдісті қолданып анықтайды.

### Жұмыс барысы:

1 мл суды буландырғыш стақанға құяды; стақанның құрамын қайнап жатқан су моншасында 10-15 мин. ішінде құрғақ күйіне дейін буландырады; стақанды бөлме температурасына дейін 10 -15 минут ішінде суытады; бар құрғақ қалдықты сулау үшін, стақанға 10 % салицил қышқылының спирттік ерітіндісін қосылады; концентрацияланған күкірт қышқылының 0,5 мл қосады; 5 минут қоя тұрыңыз; стақанның қабырғасын шайып өткендей, 3-4 мл дистилденген суды қосылады; натрий гидроксидінің концентрациясы 20 пайыз болатын 5 мл ерітіндісін қосылады; ерітіндіні өлшеуіш пробиркаға ауыстырып, үстінен 10 мл белгіге жететін дистилденген су қосылады; алынған ерітіндінің түсін, ақ фондағы үлгінің бақылау шкаласы мен салыстырылады. Алынған ерітіндінің түсіне сәйкес келетін мг/л нитрат-анион мөлшерінің мәнін шкала үлгісінің анализ нәтижесі ретінде қабылданады; үлгінің бақылау шкаласын келесі түрде дайындауды: Нитрат-анионның мөлшері 0; 5; 15; 30; 50 мг/л модельді ерітінділерін дайындау және оларды жоғарыда аталған әдістеме бойынша өндөу [97].

Егер зерттелген ерітіндінің түсі шеткі үлгінің (50 мг/л) интенсивтілігінен асса, онда зерттелген суды 5 есе дистилденген сумен араластырып, зерттеуді қайталайды. Нәтижесін шыгарғанда үлгінің араластыру дәрежесін есепке алады.

## 2.7 Судағы бос көмірқышқылды анықтау

Ашық суаттардағы су 1 л-ге ауадан көлемі 0,3-0,5 см<sup>3</sup> көмірқышқыл газын сіңіреді. Шындығында табиғаттағы су көмірқышқыл газын одан, бірнеше есе көп сіңіреді, бірақ суға түскен көмірқышқыл газы буферлік жүйені құрайтын

бейтарап және қышқыл карбонаттарға байланысады. Осыдан суаттың тіршілігінде маңызды роль атқаратын рН-тың біршама өзгеруіне әкеліп соғады.

Судың көмірқышқыл газбен қанығуының басты көздері – ағзалар, өндірістік және тұрмыстық ақаба сулар болып табылады. Тереңдеген сайын шіру үдерісіне байланысты, судағы көмірқышқылдың саны артып, оттегі азая түседі. Көмірқышқыл газы тірі клеткаға оңай өтеді. Жануарлар үшін көмірқышқыл газы улы. Өсімдіктер үшін көмірқышқыл газы, олардың ұлпа түзілуіне қажетті, көміртектің көзі болып табылады. Табиғи ластанбаған суаттарда судағы көмірқышқыл газының мөлшері «гүлдеу» кезеңінде тәулік ішінде едәүір тұрақсыз келеді және ортаның рН өзгертеді [89].

Суаттарға ақаба сулардың келуімен, суда көмірқышқыл газдың құрамы кенет өсіп кетеді. Бос көмірқышқыл тұрмыстық ақаба сулардың ыдырау өнімінің тұрақсыз органикалық заттардың бірі болып келеді. Өсіреле суатқа өндірістік қалдықтарды тастаған кезде көмірқышқыл газдың мөлшері өседі. Осыдан еріген оттегінің құрамы азайып, көптеген гидробионттар тіршілігін жойып өзін өзі тазалау үдерісінің жүруі баяулайды. Сонымен, бос көмірқышқылдың болуы, суат жағдайының гидрохимиялық көрсеткішінің маңыздыларының бірі болып табылады.

Бос көмірқышқылды анықтау, әдетте, су үлгісін күйдіргіш натриймен немесе содамен титрлеу әдісімен жүргізіледі. Реакция келесі схема бойынша жүреді



Бос көмірқышқыл құрамын ( $X$ ) мына (2.14) формула бойынша есептейді

$$X = 4,4 \cdot n \text{ мг/л}, \quad (2.14)$$

мұндағы:  $n$  – судың 200 мл титрлеуіне кеткен 0,02 Н сода ерітіндісінің саны.

## 2.8 Судың жалпы кермектілігін комплексонометриялық әдіспен анықтау

Судың жалпы, уақытша және тұрақты кермектілігін ажыратады. Судың жалпы кермектілігі сілтілік жер металдардың екі валентті катиондардың, соның ішінде, кальций және магнийдің мөлшерін көрсетеді. Бұл элементтер табиғи жағдайда топырақтың ылғалды қабаттарында жүретін биохимиялық үдерістердің немесе көміртек қос қышқылдың карбонатты минералдарға әсер ету салдарынан суга түседі.

Табиғи сулардың кермектілігі ақаба сулардың әсерінен немесе сутартқыш станцияларда өндеуден өткен жағдайда өзгеруі мүмкін. Уақытша кермектілік, басқаша, шеттетілетін немесе карбонатты деп аталады. Ол ерігіш кальций және магний гидрокарбонаттарының болуына негізделген.

Тұрақты (карбонатсыз) кермектілік ерігіш кальций және магний түздарының басқа түрлерінің (мысалға, хлоридтер, сульфаттар, нитраттар және т. б.) болуына негізделген және жалпы мен карбонатты кермектіліктің айырмашылығы ретінде анықталады.

Жалпы кермектілік кең көлемде түрленеді, ол суат бассейнін құрайтын топырақ және жыныс типіне, сонымен қатар, жыл мезгілдеріне тәуелді болады.

Жалпы кермектіліктің өлшемі орталықтандырылған су жабдықтау көздерінде 7 ммоль экв/л, ал жеке жағдайларда санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен келісе отырып – 10 ммоль экв/л-ге дейін рұқсат етіледі.

Кермектілікті 4 ммоль экв/л-ге дейін су жұмсақ; 4 - 8 ммоль экв/л – кермектілігі орташа; 8 -12 ммоль экв/л-күшті; 12 ммоль экв/л жоғары - өте күшті деп есептеледі. Жалпы кермектілікті ауыз су, жер асты, жер үсті; ерекше жағдайларда ақаба суларда да анықтайды. Төменде судың барлық түрлерінің жалпы кермектілігін анықтаудың комплексонометриялық әдісі көлтіріледі [92].

Судың сілтілік және жалпы кермектілік мәнін қолданып, карбонатты және карбонатсыз кермектіліктің жеке мәндереі есептелінеді.

Кермектіліктің анықтау нәтижесі 1 л суға миллиграмм – эквивалентпен немесе кермектіліктің немістің градустарымен ( $^0\text{H}$ ) көрсетіледі.

Трилон Б (комплексон III) – этилендиаминтетрасірке қышқылының екі натрийлі тұзы – суда металл катиондарымен хелатинді типінің ерігіш ішкікешенді қосылыстарын түзейді. Бұл кешендер әртүрлі беріктікке ие және pH белгілі бір мәнінде пайда болады.

Трилон Б-мен қосылып, кешен түзетін катиондарға кальций, магний, мыс, марганец, кадмий, никель, екі- және үш- валентті темір, алюминий және т. б. жатады.

Егер ерітіндіге жоғары аталған металдар ионының біреуіне, онымен берік емес түсті қосылыс беретін индикатор енгізсек, мұндай боялған ерітіндіге трилон Б-ны қосқанда, эквиваленттік нүктеде түстің өзгерісі байқалады.

pH = 10 сулы ортада Б трилоны берік кешенде қосылыстарды түзейді: алдымен кальций иондарымен, содан кейін магний иондарымен.

Кальций және магнийді анықтау үшін индикатор ретінде әдетте Т қара эрихроммен және қара-көк хромды қолданады.

Суға Т қара эрихромды енгізгенде, ол магний иондарымен қызыл-шие түсті кешен қосылыстарын түзейді. Комплексон III-пен титрлеуді жалғастырганда, ақырғысы, кальций иондарымен, содан соң магний иондарымен қосылып, бос күйінде көк түске ие болатын индикаторды ығыстырады.

Егер титрленген ерітінді pH=10±0,1 көрсеткішіне ие және құрамында магний иондарының жеткілікті саны болса, онда зерттеу дұрыс өтті. Зерттеудің дәлдігі 100 см<sup>3</sup> үлгіні титрлегенде 0,05 мг-экв/л құрайды.

Реактивтер және құрал жабдықтар:

*Буферлі ерітінді:* дистилденген судың біраз көлемінде 20 г NH<sub>4</sub>Cl ерітеді, 100 см<sup>3</sup> 25% амиак ерітіндісін қосып, дистилденген сумен көлемін 1 дм<sup>3</sup> белгіге дейін жеткізеді.

*Трилон қара эрихромы:* натрий хлоридімен индикатордың қоспасын 1 г Т қара эрихроммен 100 г натрий хлоридін араластырып дайындайды (ч. д. а.). Трилон Б ерітіндісін фиксаналдада дайындауға болады.

*Комплексон III, 0,1 Н (0,05 М) ерітіндісі:* дистилденген суда 18,6 г комплексон III (ч. д. а.) ерітіп, 1 дм<sup>3</sup> көлемге дейін жеткізеді. Титр стандартты кальций хлоридінің 0,025 М ерітіндісі бойынша анықтайды. Колбада титрлеу үшін бұл ерітіндінің 20 см<sup>3</sup>, дистилденген сүмен 100 см<sup>3</sup> дейін жеткізіп араластырады және сәйкес үлгіні анықтау үшін өндейді. Титр немесе түзету коэффиценттерін әр жұма сайын тексереді.

*Кальций хлориді, 0,025 М ерітіндісі:* конус тәрізді колбада тұз қышқылының қажетті мөлшерінде (1 : 1), 105°C кептірілген жаңа тұнған CaCO<sub>3</sub> (ч. д. а.) 2,5023 г ерітеді. Толық ерігеннен кейін 200 см<sup>3</sup> жуық дистилденген суды қосады, қыздырып 5 мин. жуық қайнатады. Суытылып, метил қызылдың бірнеше тамшысын қосқаннан кейін, индикатордың түсі ауысқанша, З н аммиак ерітіндісімен немесе тұз қышқылымен өндейді. Өлшеуіш колбада ерітіндіні 1 дм<sup>3</sup> дейін дистилденген сүмен жеткізеді [93].

### Жұмыстың барысы:

Су үлгісінің 50 см<sup>3</sup>-не буферлі ерітіндінің 10 см<sup>3</sup> құяды; араластырганнан кейін 0,1-0,2 г индикатордың құрғақ қоспасын қосады; сұйықтықты араластырып, қызыл тұс күлгін түске ауысқанша, 0,1 н комплексон III ерітіндісімен титрлейді. Содан соң дұрыстап араластыру барысында, ерітіндіде көк тұс пайда болғанша, тамшылатып титрлейді; бояудың өзгеруін тағы титрленген ерітіндінің 1 тамшысын (0,02 см<sup>3</sup>) қосумен дәлелдейді, титрлеу 5 мин. артық жалғаспауы тиіс.

**Есептеу:** жалпы көрсеткілікті (X) мг-экв/л төмендегі (2.15) формула бойынша есептейді

$$X = \frac{V \cdot N \cdot 1000}{a}, \quad (2.15)$$

мұндағы: V – титрлеуге кеткен, комплексон III ерітіндісінің титрленген көлемі, см<sup>3</sup>;

N – комплексон III ерітіндісінің нормалдық көрсеткіші.

## 2.9 Бактериологиялық анализ көрсеткіштерін анықтау

*Термотолеранттық колиформдық бактерияларды анықтау тәсілі.* Бактериялардың саны – алынған фекальды ластану көрсеткіштері туралы ақпарат алу қажет болғанда талдауды жалғастыруға болады және 44 ± 0,5 °C температурасында одан әрі инкубацияланатын лактозасы бар ортада 44 °C температураға дейін ысытылған 10-14 колонияларды егу арқылы металды жылтыры бар қара-қызыл колониялардың арасынан өсіп шықкан термотолеранттық колонияларды растауға болады (ИСО 9308-1 1990 ж. және ЭСК 10.05.045.03 бойынша) [98].

*Ақаба суларда сальмонеллаларды анықтау әдісі.* Ақаба сулардағы сальмонеллаларды табу үшін жиналудың кем дегендеге екі ортасын пайдаланады:

магнийлік, селениттік сорпа, Кауфман, қызған сұслосы бар ортаны және т.б. Қоректік ортаны дайындау ӘС 2285-81 бойынша жүргізіледі.

Тазартуға дейінгі, биологиялық тазартқаннан кейінгі, заарсыздандырғанға дейін ақаба суды себу сызбанұсқасы: екі еселеніп шоғырланған жиналуда ортасына 100 мл тең мөлшерде себеді, 10 мл ақаба сұйықтықты 100 мл қалыпты шоғырлану ортасына және 1 мл ақаба суды қалыпты шоғырланудың 10 мл ортасына енгізеді. Заарсыздандырғаннан кейін ақаба суды себу сызбанұсқасы: 500 мл ақаба суды экспедициялық жазбаның магнийлік ортасына енгізеді; 500 мл – екі еселенген шоғырланудың басқа шоғырлану ортасының біріне енгізеді.

Ортаны 37°C температурасында 18-20 сағат бойына инкубациялайды. Келесі күні лайланған кезде оқшауланған колонияларды алатындағы есеппен висмут-сульфиттік агар салынған екі шыны аяққа ілмекпен жинақталу орталарынан себеді. Жинақталу орталарын термостатта 48 сағатқа дейін өсіреді, колония салынған шыныаяқтарды 37°C температурасында инкубациялайды және 18-24 сағаттан кейін қарайды. 24 сағаттан кейін шыныаяқтарда өсу болмаған жағдайда оларды 48 сағаттан кейін келесі қарау үшін термостатта қалдырады, ал жинақталу ортасынан висмут-сульфиттік агарды қайталап егеді. Сальмонеллалар колонияларындағы висмут-сульфиттік агарда - айналасында сұрлау металлды жылтырлы қара дөңгелек, колония астындағы ортасың қараюын тудыратын қара ортасы бар және қара ортасы жоқ жасыл. Глюкозаның, лактозаның, сахарозаның ферменттелуін, күкірт сутегінің қалыптасуына, несепнәрдің бөлшектенуіне мүмкіндік беретін (Рессель, Олькеницкий орталары және т.б.) аралас ортадағы сальмонеллаларына тән 4-5 колонияларды әрбір шыны аяқтан алады. Аралас ортада сальмонеллаларға тән реакция табылған кезде жалпы қабылданған әдістеме бойынша күкірттің түрнұсқасын анықтау бойынша күкірттік бірегейлендіру жүргізіледі (глюкозаны ферменттейді, лактозаны, сахарозаны, несепнәрді ыдыратпайды, күкірт сутегін қалыптастырады). Ақаба судың сынамаларынан он еселік себу қатарын дайындау.

Егуге арналған көлемдерді және егу санын әрбір нақты жағдайда ластанудың болжамды дейгейіне негізделе отырып тағайындаиды, бұл кезде тәсілдің минималды қатесі – шыны аяққа 10-нан 50 болатын мөлшерде жалпы колиформдық бактериялар - (ЖКБ) оқшауланған колонияларын алатындағы есептелеу керек [99].

Таңдалған себудің әрқайсысынан алдын-ала құрғатылған екі Эндо шыны аяқтарына қатарлас түрде 0,5 мл немесе 0,1 мл енгізе отырып жүргізіледі. 0,5 мл еккен кезде енгізілген көлемді шайқау арқылы немесе шыны қалақшамен шыны аяқтың барлық үстіңгі беті бойымен бөліп таратады, содан кейін құрғатады. Құрғатуға арналған арнайы аппарат болмаған кезде егістер салынған шыны аяқтарды су толығымен буланғанға дейін шамалы ашық түрде термостатқа орналастырады, содан кейін төңкеріп қояды. Егіс 0,1 мл болғанда егістерді су толығымен сіңгенге дейін қалақшамен үгітеді, төңкереді және термостатқа салады.

Жалпы колиформдық бактериялар рұқсат етілген құрамы ақаба сулардағы

100 КОЕ/100 мл артық болмаса, заарсыздандырылған суды зерттеген кезде келесі тәсілдердің бірі пайдаланылады: ӘС 2285-81 бойынша тікелей егіс немесе мембраналық сұзу. Тікелей егістің сумен араластырылмаған сынамасынан 0,5 мл-ден 4 шыны аяқта егеді. Мембраналық сұзгі арқылы 1 мл, 2,5 мл және 5 мл сүзеді.

Норматив 10 КОЕ/100 мл ЖКБ аспағанда заарсыздандырылған ақаба суларды бақылау кезінде мембраналық сұзу тәсілімен жұмыс жасайды және зерттелетін судың 10 мл, 25 мл және 50 мл сүзеді. Сұзгілерді Эндо ортасына орналастырады. Егістерді  $37 (\pm 1)^\circ\text{C}$  температурасында 24 ( $\pm 2$ ) сағат инкубациялайды.

*Нәтижелерді есептеу.* Лактозаны ферменттейтін және альдегид түзетін жалпы колиморфтық бактерияларға тән колонияларды Эндо ортасының үстінгі бетінде өскен колонияларды есептейді: қызыл және металды жылтырлайтын және жылтырамайтын қара-құба, қаралау қызыл күрең орталығы бар қызылт шырышты қабық. Альдегидтің болуын құдікті колонияны ілгекпен ысырып тастау арқылы ортадағы таңбаны тексеруге болады.

Құдікті жағдайларда колонияның ЖКБ-га тиесілі екендігін растау үшін лактозаны қышқыл мен газға дейін ферменттеу қасиетіне көз жеткізу қажет. Бұл мақсат үшін лактоза немесе СИБ-лактоза бар жартылай сұйық ортага егіс жасайды және егісті  $37^\circ\text{C}$  температурасында 4-6 сағат бойы инкубациялайды. Қышқыл мен газ қалыптасқан кезде оң жауап береді. Егер орта түсін өзгертулесе немесе тек қышқыл болған жағдайда егістерді қайтадан термостатқа орналастырады және кесімді нәтижені 24 сағаттан кейін есептейді.

Оксидазалық оң микрофлораны болдырмау қажеттілігі туындаған жағдайда оксидаздық сынақ жүргізеді. Тікелей егіс кезінде реактивті құдікті колонияға тамшылатады, немесе колонияның бөлігін оксидаздық реактивпен немесе СИБ-оксидазамен дымдатылған сұзгіш қағаздың жолағына жіңішке сзықпен жағады.

Мембраналық сұзгілерде өсірілген колониялардың оксидазалық реакциясын тексеру қажет болса, онда сұзгіні реактивпен мол дымдатылған сұзгіш қағаздың дискине төсейді. Түсін өзгертуен барлық колониялар (оксидазалық оң) есептен алынып тасталады.

Реактивті дайындау және реакцияны жүргізу техникасы ӘСК 10.05.045.03 сәйкес жүргізіледі.

Есептеу үшін 10-нан 50-ге дейін оқшауланған колониялар егілген шыны аяқтар тандалады. Олардагы жалпы колиморфтық бактерияларға жататын колониялардың санын есептейді, алынған санды қосады.

Егер 0,5 мл-лік 2 егіс жасалса, онда колониялардың сомасы егілген колониялардың санына сәйкес келеді. Алынған соманы егілуді ескере отырып, 100 мл көлеміне қайта есептейді [98].

*Мысал:* 0,5 мл-лік 2 көлемді 5-ші егуден алынған егіс кезінде бір шыны аяқта 16, екінші шыны аяқта 20 ЖКБ колониялары алынды. Сонда  $16 + 20 = 36: 10^{-5} \times 100 = 3,6 \cdot 10^8$  КОЕ/100 мл ЖКБ болады.

*Мысал:* 0,1 мл-лік 2 көлемді егіс кезінде 5-ші егістен бір шыны аяқта 22

колония, екіншісінде - 28 колония алынады. Сонда  $22+28=50: 2 \cdot 10^6 \times 100 = 2,5 \cdot 10^8$  КОЕ/100 мл ЖКБ болады.

Хаттамада белгілеу арқылы нәтижелерді есепке алу жүргізіледі:

- егер шыны аяқта 10-нан кем немесе 50-ден артық колониялар өсіп шықса;

- егер бір шыны аяқта араластырып өсірілсе, екінші шыны аяқтағы есептеу осы егуден орындалды.

Заарсыздандырылған суда ЖКБ нәтижесін есептеу кезінде оқшауланған колониялар алынған ЖКБ-ң барлық колонияларын қосады, және нәтижесін мына формула бойынша есептейді:

$$X = (a \cdot 100) : V, \quad (2.16)$$

мұндағы:  $X$  - 100 мл-гі ЖКБ саны;

$a$  – ЖКБ-ң есептелген колонияларының сомаланған саны;

$V$  – колониялардың септеу жүргізілген шыны аяқтарда немесе сұзгілердегі судың егілген көлемі.

Бұл жағдайда колония өспейтін көлемде есептеледі.

## 2.10 Белсенді хлор мен хлорлы әктің болуын анықтау

Талдау барысы: 3,55 г хлорлы әкті өлшеп алады, фарфор үккішке шамалы су қосып, біртекті болғанға дейін үгітеді және аздаған мөлшерде сумен араластырады. Содан кейін сүйиқтықты өлшем колбасына құйып алады, үккішті бірнеше рет шаяды, және сүйиқтықтың көлемін 1 литрге жеткізеді. Қажалған тығыны бар колбага 5 мл йодты калий ерітіндісін, 5 мл тұз қышқылын, тұнбаланған 10 мл хлорлы әк ерітіндісін және 50 мл тазартылған су құяды [100].

Бұл жағдайда бос йодтың мөлшері зерттелетін әктердің белсенді хлордың мөлшеріне баламалы мөлшерде бөлінеді. 5 минуттен кейін бөлініп шығарылған йодты гипосульфиттің 0,01 ерітіндісімен ақшыл-сары түске боялғанға дейін титрлейді, содан кейін 1 мл крахмал ерітіндісін қосады да көк бояу кеткенге дейін титрлеуді жалғастырады. Титрлеуге жұмсалған 0,01 Н гиперсульфат ерітіндісіндегі мл мөлшері зерттелетін хлорлы әктердің белсенді хлордың % тікелей көрсетеді [101].

## 2.11 Суларға сорбциялау үдерісін жүргізу

Сорбциялық әдіс мына жағдайларда қолданылуы мүмкін:

1. Статикалық жағдайда – мұнда тазаланатын іркінді суға сорбент ұсақталған түрде жіберіліп, сумен араластырып, содан кейін тазаланған судан тұндыру арқылы шығарылып алынады.

2. Динамикалық жағдайда – мұнда тазаланатын іркінді су сорбент-тердің бөлшектерінен тұратын сорбциялық сұзгіштер арқылы сұзіледі [102].

Сорбция үдерісін жүргізуде осы екі жағдайды да пайдалана отырып жасадық.

*Нәтижелерді есептейу.* Сорбция үдерісінің нәтижелерін есептеу формуласы:

$$X = \frac{m_2 - m_1 \cdot 1000}{V_{al}} \quad (2.17)$$

## 2.12Ақаба сулардың құрамындағы Cd (II) иондарының мөлшерін анықтау әдісі

Зерттеу жұмысының анализдік бөлімі Қ.А.Яссайи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Экология» ФЗИ-ң лабораториясында орындалды. Кадмийдің массалық концентрациясын анықтау үшін арнайы инструментальды тәсіл қолданылды. Ол үшін СТА-1 вольтамперлі анализаторы пайдаланылды. Бұл тәсіл өте жогары сезімталдыққа ие және массалық концентрацияларды тікелей анықтауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік стандарттарға сәйкес (МЕСТ 18293-72, МЕСТ 4011-72, МЕСТ 4389-72 т.б.) ауыз сұына химиялық анализ жасау әдістемелері игерілді.

Инверсионды-вольтамперлі өлшеу әдісі электродтар арқылы полярографтың немесе вольтамперлік анализатордың ұяшықтарына өтетін токқа тәуелділігіне, массалық концентрацияға, үлгідегі анықталатын элементке және кедергіні поляризациялайтын электродтардың функциональды байланысқан формасы мен параметрлеріне негізделген.

### 2.12.1 Элементтердің массалық мөлшерін өлшеу диапозондары және өлшеу нәтижелерінің дәлдік сипаттамалары

Әдіс судагы анықталатын элементтердің массалық мөлшерін өлшеу нәтижелерін 2.3-кестеде көрсетілген өлшеу диапозондарында және Р=0,95 мүмкіндіктерінде өлшеу қателіктімен алуды қамтамасыз етеді [103].

Кесте2.3 – Элементтердің массалық мөлшерін өлшеу диапозондары және өлшеу нәтижелерінің жіберілетін қателіктітерінің шекарасы

| Анықталатын элементтің аталуы | Анықталатын мөлшерінің диапозоны                                      | Қателіктер сипаты ±δ, % |
|-------------------------------|---|-------------------------|
| Кадмий және қорғасын          | 0,002-ден 0,001-ді қоса есептегендеге, 0,001-ден 0,005, 0,005-тен 1,0 | 30<br>25<br>20          |
| Мырыш пен мыс                 | 0,005-тен 0,005-ді қоса есептегендеге, 0,005-тен 0,1, 0,1-ден 1,0     | 30<br>25<br>20          |

### 2.12.2 Өлшеуді орындау талаптары:

Өлшеуді жүргізген кезде келесі талаптарды орындау қажет,

- қоршаған орта температурасы, °C  $25 \pm 10$ ;
- атмосфералық қысым, мм.сын.бағ.  $760 \pm 30$ ;

- ауаның ылғалдылығы, %  $65 \pm 15$ ;
- ток беретін сеттегі ток жиілігі, Гц  $50,0 \pm 0,5$ ;
- ток беретін көздің қуаты, В  $220 \pm 10$ .

### **2.12.3 Кадмийдің массалық мөлшерін өлшеу:**

Өлшеуге қажетті құрал жабдықтар мен реактивтер

Үшэлектродты (екіэлектродты) датчикті (өлшегіш электрод, көмекші электрод және салыстырмалы электрод) және нәтижелерді жинақтау жүйесі бар, келесі метрологиялық және техникалық сипаттамалар бойынша кадмий ионын анықтау шегі, мг/дм<sup>3</sup> -  $2 \cdot 10^{-4}$  өлшеу кезінде жіберілген қателігінің мүмкін шегі % - 20 дейін абайсызда жіберілген қателіктер шегі 5 дейін нәтижелерді өндей алатын бекітілген типтегі сериялық полярограф немесе вольтамперлік анализаторлар [104].

Иондардың аттестацияланған массалық мөлшері 1,0 мг/дм<sup>3</sup> тең металл (элемент) иондарының ерітінділерінің құрамының МСО және аттестацияланған мәнінің өлшеу қателігі 1% төмен ( $P=0,95$ )

Мысалы: Қорғасын ионының МСО 7012-93 немесе 7252-96;

Мыс ионының МСО 7098-93 немесе 7255-96.

Мырыш ионының МСО 8053-94 немесе 7256-96;

Кадмий ионының МСО 6690-93 немесе 7472-98;

Көрсетілгеннен кем емес метрологиялық қасиеттерге ие қорғасын, мыс, мырыш, кадмий, иондарының басқа МСО қолдануға жіберіледі.

МСО жоқ болған жағдайда МЕСТ – 4212 а қосымшасы бойынша дайындалған ерітінділерді қолдануға рұқсат етіледі.

Универсалды индикатор қағазы.

Фильтр қағазы.

Ескерту: барлық қолданылатын реактивтерде е.т. (ерекше таза) немесе х.т. (химиялық таза) деген классификациясы болуы қажет.

Өлшеулерді дайындау және жүргізу ережелері.

Өлшеулерді жүргізу дайындығы кезінде келесі жұмыстар жасалынады: ыдыстарды дайындау; ерітінділерді дайындау; полярографты немесе анализаторды (өлшегі, көмекші және салыстырмалы электродтарды бірге дайындау), сынаманы дайындау.

Бідысты дайындау

Жаңа және ластанған зертханалық шыны ыдыстарды, дозатордың алмалы ұштары, пипеткаларды алдымен азот қышқылымен, одан кейін күкірт қышқылымен және бірнеше рет бидистилденген сумен жуады.

Кварц стакандарын құрғақ ас содасымен сүзгі қағазының көмегімен сұртеді, бірнеше рет құбыр суымен, одан кейін бидистилденген сумен шаяды. Соңан соң әр стаканға  $0,1 \div 0,2$  см<sup>3</sup> концентрленген күкірт қышқылын қосады, стакандарды электроплиткаларға немесе «Темос-Экспресс» кешенді сынама дайындағышқа  $300 \div 350$  °C температурада (қақпағы ашық) қояды. Стакан қабырғаларындағы күкірт қышқылы толық буланып болғаннан кейін оларды муфель пешінде немесе «Темос-Экспресс» кешенді сынама дайындағышта

500÷600 °C (қақпағы жабық) 10÷15 минуттай күйдіреді. Орыналмастырмалы кварц стакандарын эксикаторда сақтайды [105].

Кадмийдің массалық мөлшерін өлшер алдында дайындаған ыдыстарды қайтадан 0,1 моль/дм<sup>3</sup> азот қышқылының ерітіндісімен жуады және бидистилденген сумен жақсылап шаяды.

Кесте 2.4 –. Қорғасынның, мыстың, мырыштың, кадмийдің жұмысшы ерітінділерін дайындау (аттестацияланған ерітінділер)

| Берілген ерітіндінің массалық мөлшері, мг/дм <sup>3</sup> | Ерітіндінің көлемі, см <sup>3</sup> | Өлшегіш колбаның сыйымдылығы, см <sup>3</sup> | Жұмысшы ерітіндінің массалық мөлшері (аттестацияланған қоспаның), мг/дм <sup>3</sup> | Сақталу мерзімі |
|---|-------------------------------------|---|--|-----------------|
| 100   | 5,0                                 | 50  | 10,0   | 30 күн          |
| 100   | 0,5                                 | 50  | 1,0  | 14 күн          |
| 100   | 2,5                                 | 50  | 0,5  | 2 күн           |

#### 2.12.4 Өлшеудер жүргізу үшін құралды дайындау

Полярографты немесевольтамперлік анализаторды құжатта көрсетілген нұсқау бойынша жұмысқа дайындауды. Өлшегіш, көмекші және салыстырмалы электродтарды қондырғы құжатында көрсетілген нұсқаумен, немесе МЕСТ Р 51301 бойынша дайындауды. Өлшеуді жүргізу режимін қондырғы құжатында көрсетілген нұсқау немесе осы әдістің қосымшасымен жүргізеді.

Су сынамасындағы органикалық қеміртектің мөлшеріне қарай сынамаларды дайындаудың екі түрлі әдісі бар;

Құрамында органикалық қеміртегі төмен (10 мг/дм<sup>3</sup>-тан аз) сынамаларды анализдергенде, сонымен қатар су сынамасындағы қорғасынның, мыстың, мырыштың, кадмийдің, мөлшерін алдын ала бағалау мақсатында:

а) УФ-көзі ішінде орналасқан анализаторды қолданғанда кварц стаканға тазалығы тексерілген 1-10 см<sup>3</sup> анализденетін сынаманы алып, мөлшері 0,1-0,2 см<sup>3</sup> құмырсқа қышқылын қосады. Ерітіндін 10-15 минут қозғай отырып УФ сәулеленуден өткізеді, содан кейін сынама өлшеуге дайын болады.

б) көлемі 3 см<sup>3</sup> су сынамасын пробиркаға құйып, 20 см<sup>3</sup> көлемге дейін бойынша дайындалған электролиттің фондық ерітіндісін қосады.

Құрамында органикалық қеміртегі жоғары (10 мг/дм<sup>3</sup>-тан жоғары) сынамаларды анализдергенде қышқылдық минерализация жүргізеді. Екі параллель су сынамаларын минерализациялауды МЕСТ Р 51301 сәйкес жүргізеді.

Таза кварц немесе фарфор стаканына немесе сыйымдылығы 15,0 ÷ 20,0 см<sup>3</sup> кварц тигеліне көлемі пипеткамен 0,01 см<sup>3</sup> дәлдікте өлшенген 1-10 см<sup>3</sup> мөлшердегі су сынамасын құяды.

Судың бастапқы мөлшерін 100÷130 °C-та шашыратпай буландыру арқылы 2÷3 есе азайтады.

Мұнан кейін 2,5-3,0 см<sup>3</sup> қайта айдалған азот қышқылымен өндейді. Сынамасы бар стаканды (тигельді) 120-150 °C-та электр пеште ылғалды тұнба қалғанша қыздырады. Сынамаға 1,5-2,0 см<sup>3</sup> азот қышқылын және 1,0-1,5 см<sup>3</sup> сутек пероксидін қосып қайтадан өндейді. Стаканды (тигельді) (300÷25 °C) муфель пешіне қойып, біртіндеп (0,5-1,0 сағ) температураны (450÷25 °C) көтеріп, 20-25 мин тағыда ұстайды. Түзілген күлі бар стаканды муфель пешінен алады.

Егер күл бір түсті ақ немесе күлгін болса, күлі бар стаканды бөлме температурасына дейін сұытады. Тұнба мөлшері 6,0 моль/дм<sup>3</sup> тұз қышқылымен араластырып, 60-80 °C-қа дейін қыздыра отырып, ерітеді. Сынаманы 100-120 °C-та ылғалды тұзға дейін (күрғамау керек!) буландырады, 10,0 см<sup>3</sup> бидистилденген су немесе фон ерітіндісін қосады.

Вольтамперограммада бір мезгілде қорғасынның, мыстың, мырыштың және кадмийдің анодтық пиктері тіркеледі, олардың биіктіктері ерітіндідегі анықталатын элементтің массалық мөлшеріне пропорционал. «Бос» сынама ерітіндісінің, судың анализденетін сынама ерітіндісінің, жұмысшы ерітіндісі (аттестациялық қоспалар) қосылған ерітіндінің вольтамперограммасын тіркеу бірдей жағдайларда жүргізіледі.

Қорғасынның, мырыштың, мыстың және кадмийдің жұмысшы ерітінділерінің (аттестацияланған қоспаларын) қоспасын сынамаға бір мезгілде қосады, содан кейін өлшеулерді жүргізеді. Қоспа қосылғаннан кейін анықталатын элементтің шыңының биіктігі 1,5-3 есе өсуі керек [106].

Өлшеулерді жүргізгеннен кейін өлшегіш электродтарын пайдалану нұсқауына сәйкес тазалау керек.

Өлшеу нәтижелерін тіркеу.

Әрбір параллель су сынамаларының («бос» сынаманы есептегендеге) ( $X_1$  және  $X_2$ ) өлшеу нәтижелерін және өлшеу кезіндегі анализатордың жағдайлары анализатор көрсеткіштерін жинау және өңдеу программалық интерфейс жүйесіне жазылып, дисплейге немесе принтерге, есеп түрінде шыгарылуы мүмкін.

Өлшеу нәтижелерін өңдеу.

Волтьамперометрлік анализаторларда компьютермен комплектте қолданғанда, су сынамаларының нәтижелерін ( $X_1$  және  $X_2$ ) және ( $X$ ) сынамасындағы элементтің массалық мөлшерінің есебін анализатордың нәтижелерін жинау және өңдеу жүйесі орындаиды. Әрбір параллель су сынамаларының өлшеу нәтижелері принтер арқылы шыгаруға болады [103].

## 2.12.5 Үйдісты дайындау

Жаңа және ластанған зертханалық шыныдыстарды, дозатордың алмалы ұштары, пипеткаларды алдымен азот қышқылымен, одан кейін күкірт қышқылымен және бірнеше рет бидистилденген сумен жуады.

Кварц стакандарын құрғақ ас содасымен сүзгі қағазының көмегімен сұртеді, бірнеше мәрте құбыр суымен, одан кейін бидистилденген сумен шаяды. Соңан соң әр стаканға 0,1÷0,2 см<sup>3</sup> концентрленген күкірт қышқылын

қосады, стакандарды электроплиткаға немесе «Темос-Экспресс» кешенді сынама дайындағышқа  $300\div350^{\circ}\text{C}$  температурада (қақпағы ашық) қояды. Стакан қабырғаларындағы күкірт қышқылы толық буланып болғаннан кейін оларды муфель пешінде немесе «Темос-Экспресс» кешенді сынама дайындағышта  $500\div600^{\circ}\text{C}$ -та (қақпағы жабық)  $10\div15$  минуттай күйдіреді.

Қорғасын, мыс, мырыш, кадмийдің массалық концентрациясын өлшер алдында дайындаған ыдыстарды қайтадан  $0,1$  моль/дм<sup>3</sup> азот қышқылының ретіндісімен жуады және бидистилденген сумен жақсылап шаяды.

Су құрылышындағы ауыр металды зерттейтін «Вольтамперометрлік анализатор» СТА-1 аппараты болады. Ең бірінші аппараттарды және құрал жабдықтарды жақсылап дистилденген сумен шайып, одан соң сүзгі қағазымен жақсылап сүртеміз. Біткен соң ақ аппаратты KCl-ға салып қоямыз (кесте 7).

- HCOOH – құмырсқа қышқылы –  $0,1$  мл (1 там).
- H<sub>2</sub>O – анықтайдын су –  $10$  мл.
- Hg(NO<sub>3</sub>)<sub>2</sub> – сынап нитраты –  $0,1$  мл (1 там).
- Zn – анықтағанда Ca(NO<sub>3</sub>)<sub>2</sub> –  $0,3$  мл, (3 там) қосамыз. Дозатор құрылғысы арқылы аламыз.

Кесте 2.5 - Эксперимент параметрлері (Cd, Pb,)

| №  | Потенциал | Ұзақтығы (сек) |
|----|-----------|----------------|
| 1. | 200       | 30             |
| 2. | -1200     | 60             |
| 3. | -1000     | 20             |

Су құрамындағы ауыр металды зерттейтін «Вольтамперометрлік анализатор» СТА-1 аппараты арқылы зерттеледі. Осы әдістеме журналындағы мәліметтердің барлығы компьютерде арнайы программа арқылы енгізілген [103].

## 2.13 2-ші болім бойынша қорытынды

Су үлгілерін дайындау және іріктеу нормативтері көрсетілді.

Ибата сазының химиялық және минералдық құрамы анықталды.


Бентонит сазының ісінуі мен саздың құрылымдық сорбция қасиеттерін анықтау әдісі көрсетілді.

Судың химиялық құрамын аталған әдістер бойынша «Экология» ФЗИ «Экологиялық бақылау мен химиялық талдау» зертханасында жүргізілді.

## ЗЖАҢА ҚҰРАМДЫ СОРБЕНТТЕРМЕН СУ НЫСАНДАРЫН ТАЗАЛАУ

### 3.1 Арыстанбаб кесенесінің құдық сүйнүзсүздандыру

Арыстанбаб кесенесінің маңызды тарихи ескерткішке жанасқан 5 құдық көздері орналасқан (сурет 3.1).




 - Су сынамалары алынған құдықтар

3.1 сурет. Сынамалар алынған жерлердің карта-схемасы


Тәжірибе арқылы құдық суларының сандық химиялық, биологиялық құрамдарын сипаттайтын мәліметтер суреттер мен кестелерде берілген. Құдықтардағы суларды тұздылығында айырмашылық бар екені көрініп тұр. Тұздылығына қарай құдықтарды белай орналастыруға болады: №3>№2>№1>№5>№4. Енді нормативтік көрсеткіштермен салыстырысақ №1-3 құдықтарда тұздылық 18,5-24,7 есе жоғары, №5 4 есе жоғары болса, ал №4 құдықтың суы нормативтік деңгейде (3.2 сурет).

pH магынасына сәйкес құдық сулары әлсіз сілтілі, нормативтік деңгейден (pH=6-9) аспайды.



3.2 сурет. Құдық суларындағы тұздылық көрсеткіштері

Осы көздердің сүйенсек құрамы әр жыл мерзімінде зерттелуде. Кейбір алынған нәтижелер мысал ретінде 3.3-ші суретте көлтірілген. Осы мәліметтерге сүйенсек судың құрамы жаз, қыс, көктем, күз айларында айтарлықтай өзгеріп отырады. Оның себебі тұздардың температураға байланысты ерігіштіктердің өзгеруінде. Бес құдықтың тұздылығы біркелкі емес, ең сүйенсек әртүрлі ауруларға шипалық қасиет бар деп зияратшылар қолданылады.



1-жаз; 2-күз; 3-қыс; 4- көктем.

3.3 сурет. Құдық суларының маусымдар бойынша тұздылықтың айырмалануы

3.1-ші кестедегі мәліметтер көрсетіп отыргандай тұздың жалпы мөлшері нормативтен 18-20 есе жоғары. Бұл суды тікелей ішуге қабылдау әртүрлі ауруларға экеліп соғуы мүмкін, оны тек сыртқы жараларды емдеуге қолдануға орынды.

### Кесте 3.1 - Құдық сularының химиялық анализ көрсеткіштері

| №                    | Сынама алынған құдықтар, № | Химиялық құрамының көрсеткіштері |                            |                            |                                  |                                   |
|----------------------|----------------------------|----------------------------------|----------------------------|----------------------------|----------------------------------|-----------------------------------|
|                      |                            | Сульфат, мг/дм <sup>3</sup>      | Нитрат, мг/дм <sup>3</sup> | Нитрит, мг/дм <sup>3</sup> | Аммоний ионы, мг/дм <sup>3</sup> | Темір (жалпы), мг/дм <sup>3</sup> |
| 1                    | 1                          | 6100,0                           | 26,2                       | 0,106                      | жоқ                              | 0,3                               |
| 2                    | 2                          | 6885,0                           | 3,5                        | 0,091                      | 0,7                              | 0,4                               |
| 3                    | 3                          | 6875,0                           | 207,9                      | 21,4                       | 29,9                             | 1,5                               |
| 4                    | 4                          | 589,06                           | 5,6                        | 1,5                        | 42,2                             | 0,8                               |
| 5                    | 5                          | 108,2                            | 1,4                        | 1,3                        | 14,0                             | 1,3                               |
| НҚ бойынша талаптары |                            | 500                              | 45                         | 3,0                        | 2,0                              | 0,3                               |
| Нормативтік құжаттар |                            | ГОСТ 4389-72                     | ГОСТ 18826-73              | ГОСТ 4192-82               | ГОСТ 4192-82                     | ГОСТ 4011-72                      |

### 3.1 - кестенің жалғасы

| №                    | Сынама алынған құдықтар, № | Химиялық құрамының көрсеткіштері |                     |                                  |   |                            |   |                                  |
|----------------------|----------------------------|----------------------------------|---------------------|----------------------------------|---|----------------------------|---|----------------------------------|
|                      |                            | pH                               | Ca <sup>2+</sup>    | Құрғак қалдық мг/дм <sup>3</sup> | Перманганаттыс ан, мг·О/дм <sup>3</sup> | ОХК, мг·О/д м <sup>3</sup> | Карбонат пен гидрокарбонат, моль/м <sup>3</sup> | Кермектілік, моль/м <sup>3</sup> |
| 1                    | 1                          | 7,1                              | 657,9               | 18460                            | 1,34                                    | 288,0                      | 10,2  | 143,6                            |
| 2                    | 2                          | 7,6                              | 986,9               | 20455                            | 1,6                                     | 173,2                      | 12,0  | 156,9                            |
| 3                    | 3                          | 7,5                              | 616,8               | 24740                            | 5,2                                     | 247,6                      | 22,4  | 187,7                            |
| 4                    | 4                          | 7,5                              | 102,8               | 1602,5                           | 3,06                                    | 49,4                       | 9,8   | 15,4                             |
| 5                    | 5                          | 8,4                              | 41,12               | 4100,0                           | 14,2                                    | 448,0                      | 30,7  | 34,9                             |
| НҚ бойынша талаптары |                            | 6-9                              | 180,0               | 1000-1500                        | 5,0                                     | -                          | 6,5   | 7,0-10,0                         |
| Нормативтік құжаттар |                            | ГОСТ 26449-85                    | ПНДФ 14.1:24.188-02 | ГОСТ 18164-72                    | СТ РК 1498-2006                         | СТ РК 1322-2005            | ГОСТ 26449.1-85                                 | ГОСТ 4151-72                     |
|                      |                            |                                  |                     |                                  |   |                            |   | ГОСТ 4245-72                     |

Суды қасиетті деп қабылдайтын жүртшылыққа тұздылығын төмендеткеннен кейін ғана пайдалануға болады.

Минералдық құрамды анықтаумен қатар биологиялық ластануы бар немесе жоқ екенін білуге биологиялық талдау жұмыстарыда жүргізілді. Алынған мәліметтер 3.2-ші кестеде көлтірілген.

Кесте 3.2-«Арыстанбаб» кесенесіне жақын орналасқан құдық суларына жүргізілген бактериологиялық зерттеу нәтижесінің көрінісі

| Құдықтар, №                              | Бактериологиялық көрсеткіш                            |       |       |       |               | Ішек таяқшаларының тобы<br>(Escherichia coli) |  |
|--|---|-------|-------|-------|---------------|---|--|
|  | 1 см <sup>3</sup> судағы бактериялардың жалпы мөлшері |       |       |       | Т/б           |   |  |
|  | 20.03   | 15.05 | 20.08 | 07.11 |               |   |  |
| 1  | 45  | 55    | 57    | 55    | T/б           |   |  |
| 2  | 55  | 70    | 89    | 61    | Табылған      |   |  |
| 3  | 70  | 78    | 84    | 75    | Табылған      |   |  |
| 4  | 80  | 89    | 100   | 98    | Табылған      |   |  |
| 5  | 58  | 67    | 70    | 63    | Табылған      |   |  |
| НҚ сәйкес көрсеткіштер<br>Колданылған НҚ | 50<br>ГОСТ 18963-73                                   |       |       |       | ГОСТ 18963-73 |   |  |

3.2-ші кестеден көріп отыргандай №1-ші құдық сұзы биологиялық түрде ластанбаған, ал қалғандары қолданыста жоқ № 2-5 құдықтардан патологиялық микроагзалар табылды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес №1 қасиетті құдық сұзы зияратшыларға бұл жағынан қауіпсіз.


№1 құдық сұзының тұздылығын төмөндөту мақсатында адам ағзасына зиянсыз тұзыздандыру әдісін іздеу өзекті мәселелердің бірі болды. Осыған байланысты қазіргі кезде кең қолданысын тауып отырган сорбция әдісіне тоқталдық. Бұл әдісті қолдану мақсатында әрі зиянсыз, әрі тиімділігі жоғары сорбенттер іздеу үшін әдебиеттердегі мәліметтерге шолу жасаумен қатар бірқатар тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Адам ағзасына қауіпсіздігі жоқ кальций пероксиді, бентонит сазы, зәйтүн дәнінің қабығынан алынған белсендірілген көмір қолданылды. Алынған мәліметтер 3.3 –ші кестеде көлтірілген.

### Кесте 3.3- Құдық суларын сорбциялау көрсеткіші

| Сорбент                    | Әр сатыдағы сорбцияланған тұз мөлшері |      |                    |      |                    |      | Судағы қалған тұз мөлшері |    |
|----------------------------|---------------------------------------|------|--------------------|------|--------------------|------|---------------------------|----|
|                            | 1-ші                                  |      | 2-ші               |      | 3-ші               |      |                           |    |
|                            | МГ/ДМ <sup>3</sup>                    | %    | МГ/ДМ <sup>3</sup> | %    | МГ/ДМ <sup>3</sup> | %    | МГ/ДМ <sup>3</sup>        | %  |
| CaO <sub>2</sub> (20г)     | 6492                                  | 34   | 1280               | 41,3 | 620                | 44,0 | 10580                     | 56 |
| Белсендірілген көмір (10г) | 2197                                  | 11,6 | 75                 | 12,1 | 65                 | 12,4 | 16535                     | 87 |
| Б.К (10г) + Анионит (10г)  | 3302                                  | 17,5 | 625                | 21,1 | 365                | 23,0 | 14640                     | 77 |
| Анионит (20г)              | 3622                                  | 19,1 | 660                | 22,7 | 205                | 25,0 | 14557                     | 75 |

3.3-ші кестеде бастапқы тиімді сорбенттер іздестіру мен сорбиялық үдерісті жүргізуге қажетті сатылар мен уақытты, т.б. көрсеткіштерді анықтауға бағытталған зертханалық жұмыстың нәтижесі көрсетілген. Әр сатыда жаңа сорбенттер үлгісі қолданылған. Сорбция үдерісінің нәтижесі статикалық жағдайда 24 сағаттан кейін тексерілген. Бастапқы судағы тұз мөлшері 18872 мг/дм<sup>3</sup>, 3 сатыдан кейінгі судағы тұз мөлшері 10580 мг/дм<sup>3</sup>, яғни кальций пероксиді тұздарды сіңіру қабілеті 44%-дан аспайды.

Белсендерілген көмір тұз мөлшерін айтартықтай тәмендетпейді, сорбцияланған тұз мөлшері 12%-дан аспайды. Белсендерілген көмір мен анионит қоспасы бірге қолданғанда тұздардың сіңірілген мөлшері жоғарламайды, керісінше анионит қолданылғанда алынған нәтижелер мағынасын -2% тәмендетеді.



Сорбция үдерісіндегі тұздылықты бақылаумен бірге негізгі қурауыштарға зерттеу жүргізілді.

3.4 кестеде кальций пероксидін сорбент ретінде қолданғанда алынған тәжірибелік нәтижелер берілген.

Кесте 3.4 – Кальций пероксидінің сорбциялық қасиеті



| Сорбент                            | рН              | Судағы жалпы тұздың сорбцияланған мөлшері | Құрауыштардың сорбция үдерісінен кейінгі судағы мөлшері |        |                               |        |                    |         |                              |         |
|------------------------------------|-----------------|---|---|--------|-------------------------------|--------|--------------------|---------|------------------------------|---------|
|                                    |                 |   | CO <sub>3</sub> <sup>2-</sup>                           |        | HCO <sub>3</sub> <sup>-</sup> |        | Cl <sup>-</sup>    |         | NO <sub>3</sub> <sup>-</sup> |         |
|                                    |                 |   | МГ/дм <sup>3</sup>                                      | %      | МГ/дм <sup>3</sup>            | %      | МГ/дм <sup>3</sup> | %       | МГ/дм <sup>3</sup>           | %       |
| Бастапқы Арыстан баб суы           | 8               | 18892 -                                   | т/б   | -      | 390                           | -      | 3615               | -       | 100.8                        | -       |
| CaO <sub>2</sub> 10г 30.12. 14     | 11              | 11770 62                                  | 990   | -      | 122                           | 31     | 3474               | 96      | 73                           | 72      |
| 08.01.15                           | 12              | 11770 62                                  | 970   | -      | 122                           | 31     | 4148               | -       | 73                           | 72      |
| 04.02.15                           | 12              | 10180 54                                  | 900   | -      | 122                           | 31     | 4150               | -       | 56                           | 55      |
| 10.03.15<br>НҚ сәйкес көрсеткіштер | 11<br>6-9       | 8800 37<br><b>1000-1500</b>               | 810<br><b>6,5</b>                                       | -<br>- | 30<br><b>6,5</b>              | 8<br>- | 2304<br><b>350</b> | 46<br>- | 29<br><b>45</b>              | 29<br>- |
| Қолданылған НҚ                     | ГОСТ 26449.1-85 | ГОСТ 18164-72                             | ГОСТ 26449.1-85   |        | ГОСТ 26449.1-85               |        | ГОСТ 4245-72       |         | ГОСТ 18826-73                |         |

Кесте 3.4 -тің жалғасы


| Сорбент                        | Құрауыштардың сорбция үдерісінен кейінгі судағы мөлшері |    |                       |    |                    |   |                    |   |
|--------------------------------|---|----|-----------------------|----|--------------------|---|--------------------|---|
|                                | SO <sub>4</sub> <sup>2-</sup>                           |    | Ca <sup>2+</sup>      |    | Mg <sup>2+</sup>   |   | NH <sub>4</sub>    |   |
|                                | МГ/дм <sup>3</sup>                                      | %  | МГ/дм <sup>3</sup>    | %  | МГ/дм <sup>3</sup> | % | МГ/дм <sup>3</sup> | % |
| Бастапқы Арыстан баб суы       | 9639,4  | -  | 501                   | -  | 1368               | - | 1.6                | - |
| CaO <sub>2</sub> 10г 30.12. 14 | 3329  | 34 | 961                   | -  | 24                 | 2 | 2.3                | - |
| 08.01.15                       | 2925,7  | 30 |                       |    | 24                 | 2 | 5,65               | - |
| 04.02.15                       | 2026,6  | 21 | 401                   | 80 | 12                 | 1 | 4,8                | - |
| 10.03.15                       | 1757  | 18 | 1082                  | -  | T/б                | 0 | 1,25               | - |
| НҚ сәйкес көрсеткіштер         | <b>500</b>  |    | <b>180</b>            | -  | 7,0                | - | <b>2,0</b>         | - |
| Қолданылған НҚ                 | ГОСТ 4389-72  | -  | ПНДФ 14.1:2:4. 188-02 | -  | ГОСТ 4151-72       | - | ГОСТ 4192-82       | - |

Кальций пероксидін қолданғанда pH мағынасының нормативті деңгейден жоғары көтерілетіні, суда карбонат иондары пайда болып, гидрокарбонаттың мөлшері көрініше төмендеп отырганы анықталды.


Бұл жағдайды келесі реакциялардың суда өтіуімен түсіндіруге болады:



Суда магний толығымен сорбцияланғаны айқындалды, судағы сульфат мөлшері 82%-га дейін,  $\text{NO}_3^-$  иондары 75%-га дейін төмендеді, ал бастапқы судағы кальций мөлшері 501 мг/дм<sup>3</sup> болса сорбциялық үдерістен кейін 2-і еседей, нитрит мөлшері 0,02 мг/дм<sup>3</sup>-ден 1,65 мг/дм<sup>3</sup>-ге, яғни  $\text{NO}_2^-$  мөлшерінің жоғарлауын, кальций пероксидінің ыдырауынан (реакция 3.1) бөлінген оттекпен немесе сутек пероксидімен тотығуна байланысты:



Кальций пероксидінің сулы ортада ыдырауынан бөлінген қосылыстар кейбір иондармен реакцияға түсіп, ерігіштігі төмен немесе ерімейтін қосылыстарға айналып отырады. Мысалы:



### 3.2 Зәйтүн дәнегінен белсендірілген көмір алу жолдары

Зәйтүн зауытының қалдығы зәйтүн дәнегінен белсендірілген көмір алу жолдары:

- 1) Зәйтүн дәнектерін дисстилденген суда көп қайтара жуып, су моншасында 70 °C- қа қойылды. Толық судан арылғанан кейін сорбентті 120 °C – та 24 сағатқа кептіру пешіне қойылды.
- 2) Кептірілген зәйтүн дәнектерін 200 мл 10%, 20%, 30%  $\text{ZnCl}_2$  ертіндісімен арастырылды.
- 3)  $\text{ZnCl}_2$  ертіндісімен сіңірілген зәйтүн сүйегін муфель пешінде карбонизацияланды, жағу температурасы 650 °C, жағу уақыты 2 сағат. Муфель пешінде карбонизациялау үшін инертті газ  $\text{N}_2$  жіберілді.
- 4) Алынған сорбентті 0,5 Н  $\text{HCl}$  мен жуылды, қалған минералдық және органикалық заттардан тазалау үшін, ыстық және сұық дисстелденген сумен жуылды.
- 5) Сынамаларды 102 °C-та вакуумда кептірілді.


### 3.3 Зәйтүн дәнегінің қабығынан алынған белсендірілген көмірдің сорбциялық қабілеті

Бұл зерттеу жұмыстарында Арыстанбаб кесенесінің құдық сұыназәйтүн дәнегінің қабығынан алынған белсендірілген көмір сорбент ретінде қолданылды.

3.5 - кестедегі мәліметтерден көріп отыргандай, Арыстанбаб кесенесінің құдық суындағы сульфат-иондарының мөлшері нормативтік көрсеткіштен 19 есе жоғары. Зәйтүн сүйегінен алынған сорбент сульфат-иондарының мөлшерін 95,4 % тазалады.

Кесте3.5 -Құдық су құрамындағы сульфат ионынан сорбциялау көрсеткіші

| Зерттелетін су                                   | SO <sup>2-</sup> <sub>4</sub> |                    | НК<br>сәйкес<br>көрсетк-<br>іштер | Қолданыл-<br>ған НК |
|--|-------------------------------|--------------------|-----------------------------------|---------------------|
|  | МГ/ДМ <sup>3</sup>            | Жұтылуы            |                                   |                     |
|  |                               | МГ/ДМ <sup>3</sup> | %                                 |                     |
| Зерттелетін<br>Арыстанбаб<br>Суы                 | 9639,4                        | -                  | -                                 | 500                 |
| Сорбент қосылғаннан<br>кейінгі Арыстанбаб<br>суы | 448,535                       | 9190,8             | 95,4                              | 500                 |



3.5 сурет. Зәйтүн сүйегінен алынған сорбенттің сорбциялық көрсеткіші

Сорбент өз бойына жинақтай алатын қабілетке тән екенін көрсетті. Мысалы, нитрат ионынан 65%-ға, ал гидрокарбонаттан 62%-ға, хлоридтен 32 %-ға дейін тазалаған.

### 3.4ЖШС«СКЗ - U» ақаба суын тазалау

Ақаба суларды тазалау мақсатында әрі зиянсыз, әрі тиімділігі жоғары сорбенттер іздеу үшін әдебиеттердегі мәліметтерге шолу жасаумен қатар бірқатар тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Адам ағзасына қауіпсіздігі жоқ бентонит сазы, зәйтүн дәнінің қабығынан алынған белсендірілген көмір, БАУ-А маркалы белсендірілген көмір және т.б сорбенттер қолданылды. Алынған мәліметтер 3.6 -ші кестеде келтірілген.

Кесте 3.6-Ақаба суларды сорбциялау көрсеткіші

| Сорбент                              | Әр сатыдағы сорбцияланған тұз мөлшері |    |                    |      |                    |    | Судағы қалған тұз мөлшері |    |
|--------------------------------------|---------------------------------------|----|--------------------|------|--------------------|----|---------------------------|----|
|                                      | 1-ші                                  |    | 2-ші               |      | 3-ші               |    |                           |    |
|                                      | МГ/ДМ <sup>3</sup>                    | %  | МГ/ДМ <sup>3</sup> | %    | МГ/ДМ <sup>3</sup> | %  | МГ/ДМ <sup>3</sup>        | %  |
| Анионит (20г)                        | 300                                   | 14 | 689                | 21,5 | 629                | 33 | 1425                      | 67 |
| Анионит (10г) +<br>Б.К-«БАУ-А» (10г) | 319                                   | 15 | 559                | 26,5 | 634                | 30 | 1480                      | 70 |
| Б.К-«БАУ-А» (10г)                    | 119                                   | 6  | 224                | 11   | -                  | -  | 1890                      | 89 |

3.6-ші кестеде бастапқы тиімді сорбенттер іздестіру мен сорбиялық үдерісті жүргізуге қажетті сатылар мен уақытты, т.б. көрсеткіштерді анықтауга бағытталған зертханалық жұмыстың нәтижесі көрсетілген. Әр сатыда жаңа сорбенттер үлгісі қолданылған. Сорбция үдерісінің нәтижесі статикалық жағдайда 24 сағаттан кейін тексерілген. Бастапқы ақаба судағы тұз мөлшері 2114 мг/дм<sup>3</sup>, 3 сатыдан кейінгі судағы тұз мөлшері 1425 мг/дм<sup>3</sup>, яғни аниониттің тұздарды сіңіру қабілеті 33%-дан аспайды.

БАУ-А маркалы белсендірілген көмір тұз мөлшерін айтарлықтай төмендетпейді, сорбцияланған тұз мөлшері 11%-дан аспайды. Белсендірілген көмір мен анионит қоспасын қолданғанда тұздардың сіңірілген мөлшері айтарлықтай жоғарламайды, керісінше анионит қолданылғанда алынған нәтижелер мағынасы -3% жоғары.

#### 3.4.13 Зәйтүн дәнегінің қабығынан алынған белсендірілген көмірдің сорбиялық қабілеті

ЖШС«СКЗ - U» ақаба суына зәйтүн дәнегінің қабығынан алынған белсендірілген көмірді сорбент ретінде қолданылды.

Кесте 3.7 -ЖШС«СКЗ - U» ақаба су құрамындағы сульфат ионынан сорбциялау көрсеткіші

| Ақаба су                     | SO <sub>4</sub> <sup>2-</sup> |                    |      | НҚ сәйкес көрсеткіштер | Қолданылған НҚ |  |  |
|------------------------------|-------------------------------|--------------------|------|------------------------|----------------|--|--|
|                              | МГ/ДМ <sup>3</sup>            | Жұтылуы            |      |                        |                |  |  |
|                              |                               | МГ/ДМ <sup>3</sup> | %    |                        |                |  |  |
| Бастапқы «СКЗ - U» ақаба суы | 1060,28                       | -                  | -    | 500                    | ГОСТ 4389-72   |  |  |
| Сорбенттенөткізілген су      | 100,8                         | 959,5              | 90,4 | 500                    | ГОСТ 4389-72   |  |  |

Кестедегі мәліметтерден көріп отырғандай, тазалау жүйесінен өткен ЖПС «СКЗ - U» ақаба сұындағы сульфат-иондарының мөлшері нормативтік көрсеткіштен 2 есе жоғары. Зәйтүн сүйегінен алынған сорбент сульфат-иондарының мөлшерін 90,4% тазалады. Зәйтүн дәнегінің белсендірілген көмірімен нормативтік дәрежеге түсірілді. Ал басқа иондары нормативтік деңгейден аспайды. Зәйтүн дәнегінің қабығынан алынған белсендірілген көмір сульфат ионынан тазалау үшін тиімді сорбент екені анықталды.

### 3.5 ХҚТУ-ң су бассейінің сұын тазалау жолдары

ХҚТУ-ң су бассейінің сұына химиялық анализ жүргізіліп, сұына биологиялық талдау жүргізілген.

Кесте 3.8 - Су бассейінің химиялық анализінің нәтижесі

|                        | pH              | Құрғақ қалдық, мг/дм <sup>3</sup> | Сілтілігі, ммоль/дм <sup>3</sup> | Кермектілік моль/м <sup>3</sup> | Хлор, мг/дм <sup>3</sup> | ОХК, мг·О/дм <sup>3</sup> |
|------------------------|-----------------|-----------------------------------|----------------------------------|---------------------------------|--------------------------|---------------------------|
| Бассейн сұы            | 7,7             | 951,3                             | 2,9                              | 9,9                             | т/б                      | 580,4                     |
| НҚ сәйкес көрсеткіштер | 7-8             | 3,75                              | 6,5                              | 7,0                             | 0,3-0,5                  |                           |
| Қолданылған НҚ         | ГОСТ 26449.1-85 | ГОСТ 18164-72                     | ГОСТ 26449.1-85                  | ГОСТ 4151-72                    | ГОСТ 18190-72            | СТ РК 1322-2005           |

3.8-ші кестенің жалғасы

|                        | Хлорид, мг/дм <sup>3</sup> | Сульфат, мг/дм <sup>3</sup> | Темір, мг/дм <sup>3</sup> | Нитрат, мг/дм <sup>3</sup> | Нитрит, мг/дм <sup>3</sup> | 1 см <sup>3</sup> судағы бақтериялардың жалпы мөлшері |
|------------------------|----------------------------|-----------------------------|---------------------------|----------------------------|----------------------------|---|
| Бассейн сұы            | 27,1                       | 449                         | 0,0034                    | 30,1                       | 0,144                      | 115   |
| НҚ сәйкес көрсеткіштер | 700                        | 3,75                        | 0,3                       | 45                         | 3,3                        | 100   |
| Қолданылған НҚ         | ГОСТ 26449.1-85            | ГОСТ 26449.1-85             | ГОСТ 26449.1-85           | ГОСТ 26449.2-85            | ГОСТ 26449.2-85            | ГОСТ 18963-73   |


Химиялық талдау бойынша нормативке сәйкес шомылуға жарайды. Кестедегі нәтиже бойынша бассейн сұындағы ауру тудырығыншы бақтериялардың мөлшері нормативтік көрсеткіштен артық екені байқалды. Осы судағы патологиялық микроагзалардың жою үшін кальций пероксидін сорбент ретінде қолданылған, белсендірілген көмір су құрамындағы микроагзалардан тазаламайды. Сорбент судағы микроагзалардан тазалады. Яғни егер су

бассейніне кальций пероксидін қолдансақ, микроағзалардан тазалауға болады. Нәтижесіңісімшада көрсетілген.

### 3.6 Су құрамындағы Cd ионынан тазалау

Тәжірибе жүргізу үшін модельдік су жасалынды, су құрамындағы кадмий ионының мөлшері 0,06 мг/дм<sup>3</sup>. Кадмий ионынан тазалау үшін зәйтүн дәнегінен алынған белсендірілген көмірмен сорбциялады.

Вольтамперметриялық әдіспен СТА – 1 қондырығысын пайдалану негізінде алынған тәжірибе нәтижелері қолданылған сорбент мөлшері – 1г/50мл H<sub>2</sub>O, үдеріс уақыты 30 мин. 3.6-ші суретте көрсетілген.



1- бастапқы судағы кадмий мөлшері; 2- сорбция үдерісінен кейінгі судағы кадмий мөлшері.

3.6 сурет . Кадмий мен ластанған суда белсендірілген көмірмен тазалау.

Зерттеу нәтижелерінің қортындысы бойынша зәйтүн дәнегінен алынған белсендірілген көмір модельдік су құрамындағы кадмий ионын 88,8% тазалады.

### 3.7 3-ші бөлім бойынша қорытынды

- Арыстанбаб кесенесінің құдық сүйнен тұздылық дәрежесі анықталып, құдық суларын тұzsыздандыруға тиімді сорбенттер ұсынылды.
- Кальций пероксидінің патологиялық микроағзаларды жоятын қабілеті бар еkenі айқындалып, қолдану мүмкінділігі көрсетілді.
- Зәйтүн өндірісінің қалдығы, зәйтүн дәнегінің қабығынан белсендірілген көмір алу жолдары анықталды.
- Зәйтүн дәнегінен алынған белсендірілген көмірдің сульфат иондарын сорбциялау дәрежесі жоғары еkenі анықталды.
- Зәйтүн дәнегінен алынған белсендірілген көмір су нысандарын кадмий иондарынан тазалауға тиімді сорбент ретінде қолдануға мүмкіндік бар еkenі айқындалды.

#### **4 АРЫС СТАНЦИЯСЫНДАҒЫ АҚАБА СУҒА СИПАТТАМА ЖӘНЕ СОРБЦИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУ ӘДІСІ**

